



ШЫМКЕНТ – БЕРЕКЕ ОРДАСЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Шымкент қаласына барды.

ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Шымкент әуежайының жаңа терминалымен танысты. Әуе айлағының құрылысына жеке инвестор 24 млрд теңге қаражат жұмсаған. Еліміздің оңтүстігінде бірегей авиациялық хаб қалыптастыру өңірдегі әуе қатынасының бағыт санын 17-ден 59-ға дейін ұлғайтуға, сондай-ақ Еуропа мен Азияның бірқатар еліне рейстер ашуға мүмкіндік береді.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы стратегиялық маңызы зор Батыс Қытай – Батыс Еуропа көлік дәлізіне жақын орналасқан Almaat Logistics сауда-логистика орталығына барды. Аумағы 24 мың шаршы метрді құрайтын көпфункционалды кешен құрылысына жеке инвестор 14,8 млрд теңге қаржы құйған. Орталық өнім сақтаудың озық технологиясымен жабдықталған. Атап айтқанда, тез бұзылатын азық-түлікті ұзақ сақтамай, барынша жедел таратуға мүмкіндік беретін жүйе енгізілген.

Сонымен қатар Президент ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесін аралап көрді. Қаладағы 50-ге жуық өң-

деуші кәсіпорын былтыр 168,5 млрд теңгенің өнімін шығарған. Өңірдегі жылыжай кешендерін салуға түркиялық Alarko Holding компаниясы 650 млн доллар, ал Польшаның Fabe Polska SP кәсіпорны 136 млн доллар көлемінде инвестиция құюға ниетті.

Президент Шымкентке жұмыс сапары аясында жаңадан ашылған Coca-Cola Іс есек Kazakhstan зауытын да аралап көрді. Озық технологиялармен жабдықталған және автоматтандыру деңгейі өте жоғары кәсіпорын жылына 283 млн литрге дейін сусын шығара алады. Мемлекет басшысы өндіріс барысымен танысқан соң, өңірдің экономикалық өсіміне серпін беретін ірі инвестициялық жобаларды қолдаудың маңызын атап өтті.

Жұмыс сапары барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Shymkent City шағын ауданына жақын мандағы жаңа саябаққа барды. Аумағы 20 гектардан асатын паркте сейілдеуге және мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізуге барлық жағдай жасалған. Субұрпақты жасанды тоған, амфитеатр, ландшафтты аллеялар, воркаут және скейт алаңдары бар. Президент саябақ аумағында ағаш отырғызды. Қазіргі кезде Шымкентте адам басына шаққанда 4 шаршы метрге жуық жасыл желектен келеді екен. Экологиялық жағдайды жақсартып, қала тұрғындарына қолайлы орта қа-

лыптастыру үшін алдағы жылдары 1 млн түптен астам ағаш көшеті отырғызылмақ. Шаһардағы 12 саябақты абаттандыру, сондай-ақ гүлзарларды, Қошқар ата өзенінің жағалауы мен арықтарды тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұрынғы қоқыс полигонының орнында Экопарк құрылысы қолға алынды.

Бұдан бөлек, Президентке қытайлық Shaanxi Construction Engineering компаниясы ұсынған қоқыс өртеу зауытының жобасы таныстырылды. Зауыт тәулігіне 1 мың тоннаға дейінгі қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеп, электр энергиясын өндіре алады.

TULIP HALL – ЕНДІ «ҚЫЗҒАЛДАҚ»

Мемлекет басшысы былтыр маусым айында пайдалануға берілген Tulip Hall көпфункционалды кешенінің ғимаратымен танысты. Президент тапсырмасына сәйкес бой көтерген бұл көрікті нысан бұқаралық мәдени іс-шаралар өткізуге арналған. Мұнда сондай-ақ колөнершілердің орталығы мен шеберханалары орналасқан.

Президент Конгресс-холға жиналған жергілікті қауым алдында сөйлеген сөзінде шаһарға жұмыс сапарымен арнайы келгенін, шырайлы Шымкент – еліміз үшін өте маңызды қала, тарихы терең қастерлі мекен екенін атап өтті.

– Халқымыз Шымкентті «шырайлы шаһар» деп атайды. Расында, бұл жердің ауа райы да, адамдары да өте керемет, ерекше деп айтуға болады. Қала тұрғындары – өте еңбекқор, таза, іскер азаматтар. Осы жерде отырған әр азаматтың еңбегі мол. Мен баршаңызға шын көңіліммен ризашылығымды білдіремін. Көне шаһар тоғыз жолдың торабында тұр. Ұлы Жібек жолы кезінде осы аймақтан өткені белгілі. Шымкентте ерте заманнан бері сауда-саттық өркен жайды, түрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің ізі қалды. Бұл керуеннің көші әлі де үзілген жоқ. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі осы қаланы басып өтеді. Күре жолдың арқасында шаһардың стратегиялық маңызы арта түсті. Менің бірер жыл бұрын Шымкент халқымен кездескенім естеріңізде болар. Сол кезде айтқан сөзімді тағы да қайталап өткім келеді: «Береке дегеніміз – экономика, ал ынтымақ дегеніміз – саясат». Шын мәнінде, осы екі құндылық елімізді алға бастайды. Мұны Шымкенттің бүгінгі келбетіне қарап айтуға да болады. Шаһар жыл өткен сайын қарыштап дамып келеді. Көптеген өндіріс орны ашылып жатыр. Менің тапсырмаммен бірнеше әлеуметтік нысан салынды. Атап айтқанда, Конгресс-холл, екі Оқушылар сарайы, 11 жайлы мектеп бой көтерді. Айтпақшы, Шымкенттің бір топ азаматы Конгресс-холды Tulip Hall деп атамай, бұл ғимаратқа «Қызғалдақ сарайы» немесе «Қызғалдақ» деген атауды беру жөнінде ұсыныс айтып жатыр. Меніңше, орынды пікір, келісуге болады. Олай болса, сарайдың атауы «Қызғалдақ» болсын. «Қызғалдақ сарайы» деген сәл ұзаққа екен. Былтыр қалада жалпы аумағы 1,3 млн шаршы метр болатын тұрғын үй салынды. Металлургия, құрылыс саласы, азық-түлік өндірісі қарқынды дамып жатыр. Былтыр қала экономикасы 11 пайызға өсті. Шымкентте 300-ден астам инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде 9 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Тек былтырдың өзінде қалаға 770 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылған, – деді Мемлекет басшысы.

Президент халық арасында Шымкентті «кәсіпкерлердің отаны» деп атайтынына назар аударып, қала экономикасының жартысынан көбі 140 мыңға жуық шағын және орта бизнес нысанының еншісінде екенін жеткізді.

– Мегаполистің демографиялық өсімі де жоғары. Табиғи өсіммен бірге, мұнда көшіп келіп жатқандар көп. Осының өзі қаланың тіршілікке қолайлы, болашағы зор екенін көрсетеді. Бірақ бақылаусыз көші-қон, яғни миграция тиісті техникалық және әлеуметтік инфрақұрылымға әсер етеді. Мұны да ұмытпауымыз керек. Әрине, Шымкент мен жаңа айтып өткен табыстың бәріне, ең алдымен еңбекқор, іскер әрі ұйымшыл халқының арқасында жетіп отыр. Қазіргі алмағайып заманда бұл қасиеттер әр азаматтың бойынан табылуы керек деп санаймын, – деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

12 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

ШЫМКЕНТ – БЕРЕКЕ ОРДАСЫ

(Басы 1-бетте)

БАҒДАРЫМЫЗ АЙҚЫН, ЖОЛЫМЫЗ АШЫҚ

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев әлем бетпе-бет келіп отырған жаңа сын-қатерлерге қатысты пікір білдірді.

– Баршаңызға белгілі, жаһандық сауда соғысының өршуі салдарынан дүниежүзінде күрделі ахуал қалыптасып келеді. Егер мұндай текетірес орын алса, оның зардабын барлық ел тартады. Оған еш күмән жоқ. Бұл ретте біз Президент Трамптың аталған қақтығысқа қатысы бар елдердің ұстанымына нақтылап, мүмкіндігінше келіссөз бастау үшін 90 күн мораторий жариялау туралы байыпты шешімін құптаймыз. Сарапшылар елдердің бір-біріне қарсы тарифтер енгізуі әлем экономикасының құлдырауына түрткі болып, халықаралық сауда-саттықтың бүкіл ережесін тас-талқан етуі, тіпті оның соңы қарулы қақтығыстарға дейін ұласуы мүмкін деп ескертеді. Апта басында барлық негізгі индекстердің мәні төмендеп, мұнай бағамы барреліне 60 доллардан аспады. Алайда Америка билігі тарифтерді кейінге қалдыру туралы шешімін жариялаған соң, биржадағы бағалар өсті. Қазір жағдай біршама тұрақталғаны байқалғанымен, әлемдік қор нарығы мен шикізат биржалары бұрын-соңды болмаған мазасыз күйге түсіп тұр. Әлемнің қатаң тарифтік қақтығыстар саясатына көшкені анық. Өнгіме кезекті рецессия жайында ғана емес, жаһандық экономиканың іргесін шайқап, халықаралық қатынастар жүйесіне ауыр зардабын тигізетін дағдарысқа бет алғанымызда болып отыр. Біз қазіргі ахуалды мұқият сараптап, барлық қауіп-қатерді ескеріп жатырмыз. Ешбір қиындыққа қарамастан, Қазақстан жан-жақты жаңғыру жолынан ауытқымайды, стратегиялық бағдарымыз да өзгермейді. Біз инфрақұрылым, көлік, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, цифрландыру және басқа да бағыттар бойынша ірі жобаларымызды жүзеге асыра береміз. Жұмыс тоқтамайды. Сондай-ақ, әрине, мемлекетіміз әлеуметтік міндеттемелерін орындайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Қазақстан халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі ретінде ашық сауда, тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысы қағидаттарын берік ұстанады. Сондай-ақ еліміз барлық серіктестерімен өзара сенімге, ашық диалогқа негізделген қарым-қатынас құрады.

– Сауда-саттық – дамудың көзі. Жекелеген елдермен қатар, тұтас аймақтардың өзі сауданың арқасында өркендеп, көркейе түсті. Қазақстан Шығыс пен Батысты, Солтүстік пен Оңтүстікті жалғайтын сауда жолдарының тоғысында тұр. Бұл – біздің географиялық ерекшелігіміз ғана емес, тарихи тағдырымыз деуге болады. Демек, біз еліміздің маңдайына жазылған осы стратегиялық мүмкіндікті ұтымды пайдалануымыз керек. Сондықтан Қазақстан аса маңызды халықаралық көлік-логистика жобаларын жүзеге асыру ісіне белсенді түрде қатыса бермек. Біздің негізгі мақсатымыз бәріне түсінікті деп ойлаймын. Біз тағдыр қосқан көршілес елдермен жемісті және жан-жақты ынтымақтастықты нығайта береміз. Ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, байыпты және байсалды сыртқы саясатты жүргіземіз. Қазақ «Көрші ақысы – Тәңір хақысы» деген сөз бар. Көрші мемлекеттердің бәрімен тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Біз қашанда бұл мәселеге айрықша мән береміз. Көршімізде өрт шыкса, оның жалыны бізді де шарпиды. Сондықтан іргелес елдердің бәрінде тыныштық пен тұрақтылық болғанын қалаймыз. Әрине, мұның барлығы – уақытша қиындықтар. Ең бастысы, біздің бағдарымыз айқын, жолымыз ашық. Алға қойған мақсаттарымызды мін-



детті түрде іске асырамыз. Үкімет пен әкімдердің негізгі міндеті – қолға алған реформалар мен жобаларды тиянақты жүзеге асыру. Сонда ғана ұлттық экономикамыз да тұрақты даму жолына түспек, – деді Президент.

Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев салық реформасы жайындағы ойымен бөлісті.

– Жаңа Салық кодексін әзірлеуге тапсырма берген кезде мен мейлінше түсінікті, тұрақты әрі әділ салық саясатына көшу жөнінде міндет қойдым. Шын мәнінде, біз салық саясатын қатаңдатпаймыз, керісінше ретке келтіреміз. Қазіргі кодекс көп өзгеріске ұшыраған. Заңға тәуелді актілерге және жекелеген жағдайларда басқаша ереже қолданатын ерекшеліктерге толы. Кодекс оқып, түсінуге қиын құжатқа айналған. Соның салдарынан кәсіпкерлер мен мемлекеттік қызметкерлер оны әрқалай қабылдап, өз уәждерін алға тартады. Қаптаған жеңілдіктер мен салық режимдері кәсіпкерлердің бір бөлігіне артықшылық берсе, тағы бірі оған наразы. Ол да негізсіз емес. Бастапқыда салық жеңілдігі экономиканың белгілі бір салалары мен бизнестің нақты санаттарын қолдау мақсатында енгізілген еді. Бірақ кәсіпкерлер жеңілдікті бас пайдасына жаратып, салықтан жалтарып, бизнестерін бөлшектей бастады. Мұндай жағдайға біз жол бере алмаймыз. Қазақстан жаппай офшор аймағына айналып кетпеуі керек. Мұның бәрі салықты басқару жүйесін күрделендіріп, салық жүктемесі әділетсіз бөлінетін жағдайға әкеп соқты. Қазір Парламентте мүлдем жаңа Салық кодексі қаралып жатыр. Аталған құжат бизнестің де, мемлекеттің де мүддесін ескеріп, кәсіпкерлерді салықты дұрыс төлеуге ынталандыруға тиіс. Қосымша салық түсімдері даму бюджетін ұлғайтып, жаңа мектептер, ауруханалар және басқа да әлеуметтік нысандар салуға мүмкіндік береді. Ашық және тұрақты салық жүйесі еліміздің инвестициялық әлеуетін күшейтеді. Осының бәрі азаматтардың әл-ауқатының жақсаруына, тұтас экономиканың өсіміне, яғни, түптеп келгенде, бизнестің дамуына өте тиімді әрі пайдалы болмақ. Әрине, осындай күрделі кезеңде бізге ең алдымен

ауызбіршілік керек. Халқымызда «Ырыс ынтымақты елге барады» деген жақсы сөз бар. Ұйыса білген ұлттың ұпайы түгел. Сондықтан жұртты ортақ мақсатқа жұмылдыру өте маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Президент «Таза Қазақстан» акциясына айрықша тоқталып, бұл жоба аз уақыт ішінде бүкіл елді біріктіріп, жалпыұлттық сипатқа ие болғанын атап өтті.

– Осы бастамаға Шымкенттік ағайын да белсене атсалысып жатыр. Былтыр қалада 200-ден астам аула мен қоғамдық орын тазартылды, 200 мыңнан астам ағаш отырғызылды. «Таза Қазақстан» айналымы тазалаумен немесе сенбілікке шығумен шектелмейді. Оның ауқымы және мағынасы өте кең. Тазалық дегеніміз – ең алдымен, ішкі мәдениеттің өлшемі. Еліміздегі әр азаматтың жаңы таза, қолы мен ісі таза болса, шын мәнінде озық ойлы ұлтқа айналамыз. Осы маңызды істе Шымкент қаласы өзінің «шырайлы» деген атына сай болып, көш бастауы керек. Елімізде заң мен тәртіп біржола үстемдік құруға тиіс. Бұл – мән-мағынасы ерекше мақсат. Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бас иген құл болмайды» деген сөзі ешқашан маңызын жоғалтпайды. Занды сақтап, тәртіпке бағына білсек, мақсатымызға жетеміз, кез келген дағдарысты еңсере аламыз. Қазіргі бұлыңғыр заманда елімізге заңға негізделген тәртіп ауадай қажет. Занды бұзған азаматтарды міндетті түрде жауапқа тарту керек. Басқа жол жоқ. Осылайша, әділетті, қауіпсіз, қуатты және таза Қазақстанды құрып, өркендеген ел боламыз, – деді Мемлекет басшысы.

Кездесу кезінде жұртшылықтың Шымкент қаласында Мәдениет және өнер университетін ашу жөніндегі ұсынысын Президент қолдады. Қасым-Жомарт Тоқаев қала әкімі Ғабит Сыздықбеков пен Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға тиісті тапсырма берді.

1,4 МЛН ШАРШЫ МЕТР БАСПАНА БЕРІЛЕДІ

Мемлекет басшысына қаланың сәулеттік келбетін жақсартып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту бағы-

тында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде мәлімет берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы Шымкент жұртшылығымен кездесу барысында шаһардың бас жоспарын қайта қарап, көлік-логистика инфрақұрылымы мен инженерлік желілерін жаңғырту туралы тапсырма берген болатын. Мемлекет басшысына қаладағы Орталық стадионның, перинаталдық орталықтың, паралимпиадшыларға арналған спорт кешенінің, мектептердің және тағы да басқа әлеуметтік нысандар құрылысының перспективті жобалары көрсетілді.

Сондай-ақ Президентке жекеменшік тұрғын үй кешендерінің бейберекет өсуіне шектеу қойып, 2035 жылға дейін көпқабатты үйлердің үлесін 60 пайызға жеткізу жоспары жөнінде баяндалды. Биыл шамамен 1,4 млн шаршы метр баспананы пайдалануға беру көзделген. Оның ішінде 320 мың шаршы метрден астам пәтер мемлекеттік бюджет есебінен салынады. Бұдан соң Мемлекет басшысы «Ақжайық» шағын ауданындағы тұрғын үй кешенін арнайы барып көрді. Бұл жерде жыл соңына дейін 35 тұрғын үй кешені бой көтермек.

Сапар аясында Президент «Тассай» индустриалды аймағын аралап көрді. Онда жалпы инвестиция сомасы 44,5 млрд теңге болатын 33 кәсіпорын ашылған. Сонымен қатар қосымша 800-ге жуық жұмыс орнын қамтамасыз ететін 9 инвестициялық жоба іске асырыла бастаған.

Сонымен қоса, Мемлекет басшысы жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, құрылыс және жиһаз өндірісінің өнімдері қойылған көрмемен танысты. Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД нарығына автотрансформаторлар, маймен істейтін күштік трансформаторлар мен реакторлар шығаратын Asia Trafo зауытының өндірістік желісін және травматология хирургиясында және остеосинтезде кенінен қолданылатын дәке мен титан импланттарын шығаруға маманданған Marai E7 Group өндіріс алаңын аралап көрді. Сондай-ақ Президентке Шымкентте шығатын дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың түрлері көрсетілді.

Мұнымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев №2 Оқушылар сарайын аралап көрді. Заманауи қосымша білім беру орталығында мультимедиа сыныптары, зертханалар, шығармашылық студиялары, коворкинг аумақтары қарастырылған. Мұнда ерекше қажеттілігі бар балалар да емін-еркін білім алады. Нысан Президенттің 2022 жылы қалаға келген кезінде берген тапсырмасына сәйкес салынып, пайдалануға берілген. Бүгінде Оқушылар сарайында 5 мыңға жуық бала алты бағыт бойынша 65 үйірмеге қатысады. Білім беру бағдарламасы жан-жақты дамыған, жаңаша ойлайтын әрі шығармашылық қабілеті зор тұлға қалыптастыруға бағытталған. Мемлекет басшысы орталықпен танысып шыққан соң оқушылармен әңгімелесті.

Мейір ЖАСЫН

БАҒДАР

12 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

АТА-АНАЛАР ШАҒЫМЫНА НАЗАР АУДАРДЫ

Мемлекет басшысы «Барыс» хоккей клубының балалар мен жасөспірімдер командасы ойыншылары ата-аналарының шағымына назар аударды. Бұл туралы Президенттің кеңесшісі – Баспасөз хатшысы Руслан Желдібай мәлімдеді.

– Ата-аналар хатта қаржылық және ұйымдастырушылық мәселелерге байланысты Қазақстандағы балалар хоккейінің келешегіне алаңдаушылықтарын жеткізген. Олардың жазуына, аталған мәселеге клубтың қазіргі басшылығы көз жұма қараған. Сондықтан Президенттің осы іске араласуын сұраған.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған мәселеге орай жауапты органдарға тапсырма берді. Нәтижесінде, «Барыс» хоккей клубының тәрбиеленушілерін Ресейдің осы маусымдағы чемпионатына қатыстыру жұмыстары қолға алынды.

Шағымда көтерілген мәселелердің бәрі, соның ішінде клубтың отандық және шетелдік ойыншылар, жаттықтырушылар, басқа да ұйымдар алдындағы қаржылық міндеттемелері бюджет шығындарын оңтайландыру арқылы шешімін тапты.

Клубтағы қаржылық жағдайдың нашарлауына кінәлі лауазымды тұлғаларға қатысты тиісті шара қабылданды, – деді Руслан Желдібай.

СЕНАТТА ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУ ӨТТІ



Кеше Сенатта заң білімін дамыту тақырыбына арналған Парламенттік тыңдау өтті. Іс-шара барысында депутаттар мен сарапшылар мүдделі тараптармен бірге сот және құқық қорғау жүйелерінің кадрлық әлеуетін нығайту, сондай-ақ заң шығару қызметінің сапасын арттыру мәселелерін талқылып, осы бағыттағы ұсыныс-пікірлерін айтты.

Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев кәсіби заңгерлердің біліктілік деңгейі қоғам мен мемлекеттің барлық саласына тікелей әсер ететінін атап өтті. Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында адами капиталды дамыту, білім берудің заманауи үлгісін қалыптастыру, білім беру инфрақұрылымын жаңғырту және жаңа форматтағы кадрларды кешенді даярлау маңызды міндет екеніне баса мән берді. Парламент Сенаты аталған басшы бағыттарды іске асыру аясында мүдделі тараптармен бірлесіп, жүйелі жұмыс жүр-

гізіп келеді. Атап айтқанда, Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің бірлескен іс-қимылының нәтижесінде Құқықтық білім беруді дамыту тұжырымдамасы әзірленді.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев бірқатар маңызды проблемаға назар аударып, оларды оңтайлы шешу үшін қолға алынған жұмысты жан-жақты пысықтау және озық халықаралық тәжірибені тыңғылықты зерделеу қажет екенін айтты.

Бұл ретте еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасында сәйкессіздіктің болуы және білікті заңгерлердің тапшылығы өте өзекті. Мысалы, бүгінде заң саласындағы мамандардың көлемі болжамды сұраныстан тоғыз есе жоғары болып отыр. Қалыптасқан осындай ахуалды жақсарту үшін мемлекеттің, жұмыс берушілердің және білім беру мекемелерінің үйлесімді жұмысы қажет.

Білім және ғылым саласының өкілдерін алаңдататын проблемалардың қатарында білім алушылардың сауаттылық деңгейінің төмендігі, ғалымдардың еңбегіне төленетін ақының мардымсыз болуы сияқты түйткілдер бар. Одан бөлек, Парламенттік тыңдауда мемлекеттік жоғары оқу орындарының жеткіліксіз қаржыландырылуына қатысты мәселелер, жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамы жүргізетін ғылыми жобалар мен зерттеулерді қолдау шараларының тиісті деңгейде болмауы, сондай-ақ қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз етудің көңіл көншітпейтіні айтылды.

Парламенттік тыңдауда Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев, осы саладағы белгілі ғалымдар – Зәуреш Баймолдина мен Исидор Борчашвили және еліміздегі ірі жоғары оқу орындарының ректорлары мен сарапшылар сөз сөйледі.

НЫСАНАЛЫ КАПИТАЛ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІ ҚАРАЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Бірінші оқылымда депутаттарға «Нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы» заң жобасын талқылау ұсынылады.

Жаңа заң жобасы Үкіметпен нысаналы капитал қорлары мен эндаумент-қорларды құру және олардың қызмет етуінің құқықтық негізін қалыптастыру үшін әзірленген. Эндаумент-қорларды басқару үшін инвестициялық табыс пен меценаттық қызмет нысандарын қаржыландыруды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйым ретінде мақсатты капитал қор құру ұсынылады. Осы заң жобасына ілеспе ретінде Азаматтық кодекске, «Білім туралы», «Қайырымдылық туралы» және «Ғылым мен технологиялық саясат туралы» заңдарға өзгерістер енгізу қарастырылған.

Жалпы отырыста депутаттарға ішкі істер органдарының қызметі саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болғызбау мәселелері бойынша түзетулерді бірінші оқылымда қарау ұсынылады. Аталған заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Жарлығын іске асыру мақсатымен әзірленген. Өзгерістер қолданыстағы 16 заңға енгізіледі.

Сонымен қатар күн тәртібінде Қазақстан Республикасының «Аумақтық қорғаныс туралы» заң жобасы да бар. Бұл құжатпен аумақтық қорғаныстың құқықтық негіздері, оның мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі айқындалады. Заң жобасын депутаттар екінші оқылымда қарайтын болады.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢ КЕРЕК

«AMANAT» партиясының «Әлеумет» диалог алаңында «Халықтың психологиялық әл-ауқаты: сарапшылар көзқарасы» тақырыбында сараптамалық талқылау өтті. Шараға Мәжіліс депутаттары, психологтар мен ғалымдар, мемлекеттік органдардың өкілдері, талдау орталықтары, сондай-ақ сарапшылар мен қоғам қайраткерлері қатысты.

«AMANAT» партиясының Қоғамдық саясат институтының ұйымдастыруымен өткен іс-шараның мақсаты – еліміздегі психологиялық көмек көрсетудің қазіргі жай-күйін талдау, сондай-ақ оны заңнамалық және институционалдық деңгейде жетілдіру тәсілдерін талқылау. Елімізде жыл сайын 50 жоғары оқу орнында 6,5 мыңнан астам студент бакалавр білімі бар, дипломды психологтар дайындалғанына қарамастан, қоғам әлі де білікті көмекке мұқтаж. Бұл мәселені әлеуметтік желілерде кәсіби даярлығы жоқ «Instagram-психологтардың» көбеюі қиындата түсуде.

«Психологиялық көмек – адаммен әңгімелесу ғана емес, бұл – оның ішкі жан дүниесіне араласу, яғни асқан жауапкершілік. Бүгінде құқықтық реттеудің болмауы салдарынан арнайы ілімі де, тиісті дайындығы да жоқ кез келген адам «психолог» атын жамылып жатыр. Терең білімнен, кәсіби-этикалық түсініктен мақұрым, қысқамерзімді курстан не интернеттен сатып алған сертификат иелері психологиялық қызмет ұсына береді, жекеменшік орталықтар да қаптап жатыр.

Өкінішке қарай, психодиагностикаға дайындығы жоқ, әдістемелердің авторларын да білмейтін, ұғымдарды шатастыратын, тестілеулерді интернеттен ала салатын мамандар жетерлік. Осының нәтижесінде, бүгін бір саланың беделі түсіп жатыр. Халықтың психологиялық саулығы – қоғам қауіпсіздігінің негізі деп қарастыруымыз қажет. Біз қазақы таным-түсінікке сай нормалар қабылдауымыз керек», – Шолпан Танатқызы.

Қазір елімізде 43 жоғары оқу орны педагогика мен психология, сондай-ақ осы екі бағытқа туыстас салалар бойынша маман даярлаумен айналысады. Олардың қатарында ұлттық, мемлекеттік және жекеменшік жоғары оқу орындары да бар. Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Әділет Тойбаевтың айтуынша, бұл 43 оқу орны білім беру бағдарламаларының ресми тізілімінде тіркелген 170 бағдарламаны жүзеге асырады.

«2017 жылдан бастап күшіне енген академиялық және басқару дербестігі туралы заң аясында жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларын өздері әзірлеп, жүзеге асы-



ру құқығына ие болды. Алайда бұл бағдарламаларға сараптама жасап, олардың тізілімін жүргізу уәкілетті орган – Жоғары білімді дамыту орталығының құзырында. Соңғы үш жыл ішінде осы бағдарламалардың 95%-ы жанартылып, педагогтік кәсіби стандартына сәйкестендірілді. Сондай-ақ білім беру бағдарламаларында салалық сарапшылар мен психологтардың ұсыныстары да ескерілді. Бүгінде елімізде педагогика, психология және әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша 9 диссертациялық кеңес жұмыс істеп тұр. 2022 жылдан бері осы бағытта 94 докторлық диссертация қорғалды. Диссертациялық кеңестердің құрамы да біршама жаңғыртылды: енді тек сол оқу орындарының профессорлары ғана емес, ғылыми-зерттеу институттарының, басқа жоғары оқу орындарының мамандары да кеңес құрамына

тартылуда», – деді Әділет Жүнісұлы.

Әйтсе де, елімізде кәсіби психологтар жетіспейді. 2030 жылға дейін білім беру ұйымдары мен медициналық мекемелерге әлі де 5 мыңнан астам маман қажет. Бұған қоса, психологиялық қызметтің бірінші жүйесі толық қалыптаспаған. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ кәсіби біліктіліктер жөніндегі ұлттық органның жетекшісі Ерасыл Жұманбаевтың айтуынша, бұл бағытта 13 мыңнан астам маман тіркелген, бірақ олардың кәсіби құзыреттілігі мен даярлығы әртүрлі деңгейде болып отыр.

Іс-шара барысында Қоғамдық саясат институтының азаматтардың психологиялық әл-ауқат деңгейіне арналған социологиялық зерттеу нәтижелері ұсынылды.

Айдана НҰРМҰХАН

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

12 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Еліміз экономикалық реформалардың маңызды кезеңіне аяқ басты. Себебі жақында Мәжіліс жаңа Салық кодексінің жобасын бірінші оқылымда мақұлдап, Үкімет пен депутаттар талқыға түскен ҚҚС-на қатысты ортақ консенсусқа келді. Бұл кодекс мемлекет қаржысын тиімді басқару мен тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында қабылданып, шағын және орта бизнестің дамуына жаңа мүмкіндіктер ұсынуды көздейді. Қоғамда қызу талқыланған кодекс туралы «AMANAT» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Берік Бейсенғалиевпен сұхбаттасқан едік. Депутат салық жүйесінің жаңартылуы және оның ел экономикасына әсері жайында әңгімелеп берді.

— Берік Тұрсынбекұлы, осыған дейін депутаттық сауалыңызда ҚҚС-ты күрт өсірмей, экономика секторлары бойынша дифференциалды мөлшерлемені енгізуді ұсынған едіңіз. Жаңа Салық кодексінде бұл шешім қаншалықты әсер етті?

— Қосылған құн салығының (ҚҚС) базалық мөлшерлемесін 16%-ға дейін көтеру — бұл бюджеттік кірістерді арттыруға бағытталған маңызды қадам. Үкіметтің есептеуінше, осы өзгеріс арқылы жыл сайын қосымша 3 трлн теңге көлемінде кіріс түседі. Бұл қаржы әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға, инфрақұрылым мен денсаулық сақтау саласын қолдауға бағытталады.

Алайда мұндай шешімнің әлеуметтік әсері де бар. Халықтың жүктемесін жеңілдету үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары, кітаптар және археологиялық қызметтер ҚҚС-тан босатылған. Сонымен қатар ақылы медициналық қызметтерге жеңілдетілген 10% мөлшерлемені белгілеп, ал негізгі дәрі-дәрмектерге мүлде салық салынбайды. Үкімет Қосымша құн салығынан босатылатын дәрілік заттардың әлеуметтік тізімін анықтайды.

Мемлекет шағын бизнесті де ескеріп отыр: ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі 40 млн теңгеге дейін көтерілді, яғни айналымы осы сомадан аспайтын кәсіпкерлер ҚҚС төлеуден босатылады. Бұл, әсіресе ауыл-аймақтардағы шағын дүкендер мен қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлер үшін тиімді болмақ.

Ал банктік қызметтерге ҚҚС енгізу — жүйелі және ұзақ талқыланған мәселе. Мұндағы мақсат — әділ салық салу саясатына қатысты қаржы секторының да үлесін арттыру. Дегенмен бұл банк өнімдерінің бағасына әсер етуі мүмкін. Ал банк операцияларына ҚҚС салынғаннан кейін бағасының өсуіне жол бермеу үшін бәсекелестікті қорғау агенттігі Үкіметпен бірлесіп ағымдағы бағалардың тұрақтылығына талдау жүргізеді.

Айта кету керек, бізде жұмыс тобында әлі де белсенді түрде талқыланып жатқан депутаттардың біраз ұсынысы бар, екінші оқылымға дейін олар бойынша да келісілген шешімдер табымыз деп үміттенеміз. Қазір депутаттардың барлық ұсынысын пысықтау жалғасуда.

— Одан бөлек, жаңа Салық кодексінде қандай негізгі өзгерістер бар?



Берік БЕЙСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты:

ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІ — ҚОҒАМ СҰРАНЫСЫ ҚАМТЫЛҒАН ЖАҢА ҚАДАМ

— Жаңа Салық кодексі аясында бірнеше маңызды өзгеріс қоғамда қызу пікірталас тудырды және жұмыс тобы осы мәселелер бойынша мынадай ортақ шешімдерге келді. Мысалы, корпоративтік салық бойынша, әлеуметтік салада кезең-кезеңімен жаңа мөлшерлемелер енгізілетін болды. Бұл өзгеріс ең алдымен білім беру және медицина секторларын қамтиды. Сонымен қатар арнаулы салық режимінде тыйым салынғандар тізімі енгізілді. Бұл шара бизнеске ашықтық пен тәртіп орнатуды көздейді, себебі тыйым салынбағанның барлығына рұқсат етілді. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін қазіргі салық режимі сақталды, яғни олар үшін 70%-дық жеңілдік сақталады, бұл салаға оң әсер етеді. Ал өңдеу өнеркәсібі үшін корпоративтік табыс салығының 20%-дық мөлшерлемесі сақталады. Бұл шешім саладағы салықтық жеңілдіктерді жоюды және саланың өзіндік бәсекеге қабілеттілігін арттыруды мақсат етеді. Осылайша, барлық тараптың келісімімен көптеген мәселе бойынша ортақ шешімдер қабылданды. Бұл жаңа Салық кодексі — қоғамдағы әртүрлі қажеттілік пен сұранысты ескеріп жасалған теңдестірілген қадам.

— Салық кодексі жобасында салықтардың саны қысқарып, әкімшілендіру жеңілдейтіні айтылған. Оның бизнеске әсері қандай болмақ және осы өзгерістер көлеңкелі экономиканы азайтуға септігін тигізе ме?

— Жаңа салық жүйесінің жеңілдетілуі шағын және орта бизнес үшін өте маңызды артықшылықтар ұсынады. Біріншіден, салықтар санының 12-ден 11-ге, алымдар санының 10-нан 6-ға дейін азаюы бизнестің әкімшілік шығындарын айтарлықтай төмендетеді. Бұл — шағын кәсіпкерлер үшін үлкен жеңілдік, себебі бұрын аталмыш салықтар бойынша әрқайсысына жеке есеп беру керек болатын. Енді бұл процесс жеңілдетілді, соның арқасында кәсіпкерлер уақыт пен ресурсын үнем-

дей алады. Екіншіден, салық ставкаларының 77-ге азайып, 128 салықтық жеңілдік алынып тасталды. Бұл бюджетке жыл сайын шамамен 1,3 трлн теңге қосымша табыс әкеледі. Бірақ бұл тек табыс емес, сонымен бірге салықтық әділеттілік. Бұрынғы жүйеде кейбір секторлар мен компаниялар негізсіз жеңілдіктерге ие болды.

Сонымен қатар жаңа әкімшілік жүйенің енгізілуі кәсіпкерлер үшін үлкен қолдау. Атап айтқанда, салықтық есептілік те оңайлады, яғни, құжаттар саны 30%-ға азаяды. Бұрынғыдай формалды есептілік емес, нақты тәуекелге негізделген тексеру жүйесіне көшеміз. Яғни, бизнес енді болмашы қателіктер үшін жазаланбайды. Камералдық бақылаудың жұмсақ форматта ескерту ретінде жүргізілуі бизнес үшін өте маңызды өзгеріс. Бұрын кәсіпкерлер көбіне формалды бақылаудың қатаң жүйесіне тап болатын, ал енді салық органдары оларға алдын ала ескерту жасайды. Бұл кәсіпкерлерге өз қателіктерін түзетуге уақыт береді.

Одан бөлек, жаңа Салық кодексіне енгізілген жалтаруға қарсы күрес шаралары отандық салық жүйесінде адалдық пен ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталады. Біріншіден, салықтық бұзушылықтары бар тұлғалардың жаңа ЖШС тіркей алмауы бизнес қоғамдастығындағы тәртіпті күшейтпек. Бұл шағын және орта бизнесті адал жұмыс істеуге ынталандырады, өйткені салықтық міндеттемелерді орындамау ұзақмерзімді перспективада олардың бизнесін дамытуға кедергі келтіреді.

Екіншіден, энергетиктерге акциздер енгізу энергетика саласында адалдықты арттырып, салық төлеуді күшейтеді. Бұл өзгеріс саладағы салықтық түсу көлемін ұлғайтып, бюджетке қосымша түсімдер әкеледі.

Жалпы, бұл шаралар шағын және орта бизнесті заңсыз

әрекеттерден сақтайды, адал бәсекелестікті қалыптастырып, салық жүйесінің тиімділігін арттырады. Сонымен қатар экономикадағы жалпы жағдайды жақсартуға ықпал етіп, кәсіпкерлер үшін салық жүйесінің қарапайым және тиімді болуына мүмкіндік береді.

— Ал шағын бизнес үшін арнайы жеңілдетілген салық режимі туралы не айтасыз? Бұл режимнің ерекшеліктері қандай және ол шағын кәсіпкерлерге қалай көмектеседі?

— Жаңа Салық кодексінде шағын бизнес үшін енгізілген жеңілдетілген арнайы режим — АСР (арнайы салықтық режим) шағын және орта бизнестің дамуына арналған маңызды қадам. Бұл режимнің басты мақсаты — салықтық ауыртпалықты азайтып,

қарастырылған. Әдетте ҚҚС мөлшері жоғары болса, баға қымбаттап, тұтынушылардың сұранысын азайту мүмкін. Ал бұл режимде ҚҚС-тың болмауы кәсіпкерлердің өнімдерін немесе қызметтерін арзандатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл шағын бизнес өкілдеріне бәсекелестік қабілеттерін арттырып, нарықтан өз орнын табуына ықпал етеді.

Шын мәнінде, шағын бизнес үшін жеңілдетілген режимдердің енгізілуі — экономикалық даму үшін өте маңызды қадам. Себебі шағын кәсіпкерлер көптеген жұмыс орнын құрады, сол арқылы ел экономикасына айтарлықтай үлес қосады. Сондықтан шағын бизнесті қолдау шараларының басты мақсаты — кәсіпкерлердің салықтық жүктемесін азайту ғана

емес, сонымен қатар олардың дамуына нақты жағдайлар жасау.

Шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер көбіне үлкен бизнеске қарағанда қаражат тапшылығына және әкімшілік қиындықтарға жиі тап болады. Сондықтан оларға тиімді салықтық режимдер мен жеңілдіктер қажет. Аталмыш жүйе осы мәселелерді шешу үшін енгізілді, өйткені ол шағын бизнеске өз жұмысын оңай жүргізуге мүмкіндік береді.

Шағын кәсіпкерлерге жеңілдетілген декларация, жоғары сома шегі мен ҚҚС-тан босатылған секторлар өз кезегінде кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін арттырып, көптеген жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, еліміздің экономикалық дамуын жеделдетіп, шағын бизнестің тұрақты түрде өсуіне жағдай жасайды деп сенемін.

— Жаңа Салық кодексінде кәсіпкерліктен бөлек сән-салтанатқа салық енгізу ұсынылып отыр. Бұл қандай мүліктерге қатысты және оның басты мақсаты не?

— «Сән-салтанат салығын» енгізуді ұсынып отырмыз, бұл — қоғамда әділеттілік принципі күшейтудің бір жолы. Нақтырақ айтсақ, бұл салықтар құны 450 миллион теңгеден асатын жылжымайтын мүлікке, 75 миллион теңгеден қымбат автокөліктерге, сондай-ақ яхта, ұшақ секілді сәнді мүліктер мен элиталық алкоголь өнімдеріне қатысты болады.

Басты мақсат — қарапайым азаматтарға ауыртпалық түсірмей, табысы жоғары адамдардың салықтық жауапкершілігін арттыру. Бұл — халықаралық тәжірибеде кең таралған әдіс, мысалы, дамыған елдердің көбінде сәнді мүлікке қосымша салықтар қарастырылған.

Сонымен қатар бұл салықтың арқасында бюджетке қосымша түсім түседі және ол қаражат әлеуметтік маңызды салаларға — білім, медицина, инфрақұрылымға бағытталады. Яғни, қоғамда көп пайда көріп отырған адамдар өз үлесін көбірек қосады. Бұл әділетті әрі уақыт талабына сай шешім деп есептейміз.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

Халық арасында «автоцон» аталып кеткен мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында (МХҚО) бұрыннан қордаланған проблемаларға жаңалары үстемеленді. Бұған Президент те алаңдаушылық білдірген еді. Сондықтан салада биыл реформа қолға алынады. Мәселен, осы орталықтардың бір функциясы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан алып қойылып, басқа ведомствоға берілуі мүмкін. Салада басталған жаңарулар елге не береді?

ЖОЛДЫҢ ҚҰТЫ – ЖАУАПТЫ ЖҮРГІЗУШІ

А Айхан ШӘРІП

**ЖҮРГІЗУШІ
«ЖАНАЛҒЫШҚА»
АЙНАЛМАСЫН ДЕСЕК...**

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты соңғы Жолдауында жүргізушілерді даярлау деңгейінің күрт төмендегенін, салдарынан жол апаты көбейіп, бұл мәселе қоғамның зор алаңдаушылығын туғызғанын атап өтті.

— Адамдар күн сайын жол үстінде қазаға ұшырап жатыр. Арасында тұтас отбасылар бар. Жүргізушілерді даярлау деңгейінің төмендеп кеткені жасырын емес. Жүргізуші куәлігін арнайы оқымай-ақ алатын жайттар жетерлік. Үкімет, әкімдер, Ішкі істер министрлігі батыл қадам жасауы керек. Депутаттар бұл мәселені назарда ұстауға тиіс, — деді Президент.

2024 жылы Қазақстанда 31,5 мың жол-көлік оқиғасы болып, соның кесірінен бейбіт күнде 2579 адам қаза тапқан. Бұл түйткіл депутаттардың да наразылығын тудырды. «АМАНАТ» фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Данабек Исабеков ұзақ жыл «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының құрылымында басшылық қызметтер атқарған. Оның айтуынша, жол апаттарының көбеюіне серпін берген факторлардың бірі — жүргізуші куәлігін беретін орындардағы, соның ішінде «автоцондардағы» сыбайлас жемқорлық.

— Бақылау жок жерде жөнді тәртіп болмайды. 2009 жылы жүргізушілерді даярлайтын автомектептерді лицензиялау тоқтатылды, содан бері ПМ тарапынан мониторинг бақылауы тоқтады. Автомектепте оқымай-ақ одан анықтама алып, мамандандырылған ХҚО-да сынақ тапсыра береді. Қазіргі уақытта автомектептер өз түлектері үшін ешқандай жауапкершілік арқаламайды. Содан олар куәлік алуға ниетінің бәріне өзінде оқығаны туралы анықтаманы онды-солды таратады, — деді Данабек Ержанұлы.

Депутаттың айтуынша, МХҚО-лардағы теориялық және практикалық емтиханарды тапсыру процесінде бұзушылықтар жетіп-артылады. «Автоцондарда» автоматтандырылған жүйемен емтихан тапсыру кезінде түрлі манипуляциялаудың 222 фактісі анықталды. Мысалы,



Көкшетау, Өскемен қалаларында фактілердің өскені әшкереленіп, жауапты мамандар жазаланды. Сондықтан Мәжілістің бір топ депутаты Үкіметке жүгініп, теориялық тестілеуді мемкорпорациядан алып қойып, Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне беруді ұсынды.

Депутаттардың айтуынша, дамыған елдерде, Аустралия, Жапония, Италия, Финляндия, Швеция, Германияда жүргізуші куәлігін алу өте қиын әрі біраз жылға созылатын бірнеше кезеңнен тұрады. Курсант екі рет теориялық, екі рет практикалық сынақтан өтеді. Бұл елдің кез келгенінде автомектептер жүргізуші болудан үміттеріне жоғары талап қояды.

— Біз әлем елдерінің үздік тәжірибелерін саралап, жүргізуші куәлігін беруді қатаңдататын заң нормаларын қабылдауымыз керек. Ұсынысымыз мынадай: біріншіден, орта мектептерде оқушыларға жолда жүру тәртібі мен көлік басқару негізін үйрететін арнайы факультативті курс енгізу маңызды. Оқу-ағарту және Ішкі істер министрліктері ортақ оқу бағдарламасын әзірлеуге мән бергені дұрыс. Екіншіден, автодромдарды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру керек, — деді депутат.

Үшіншіден, автомектептерге лицензия беруді қарастырып, олардың жауапкершілігін арттырған жөн. Мәселен, жыл көлемінде белгілі бір автомектепті бітірген жүргізушілер жол жүрісі ережелерін көп рет бұзса, ол автомектептің лицензиясын кері алу тетігін реттеу қажет. Мұндай тәжірибе Еуропа елдерінде табысты қолданылып жүр.

ҚАЛАУЛЫЛАР ҚҰПТАДЫ, АГЕНТТІК АЯҚ ТАРТТЫ

Қазақстанда заңнамаға енгізілген өзгерістерге сәйкес, бұдан былай жүргізуші болғысы келетіндер өз бетінше дайындалып келіп, емтихан тапсыра алмайды. Автомектепті міндетті түрде бітіруге тиіс. Алайда біраз мектептің білім беру сапасының нашар екені байқалады. Сондықтан сарапшылар мен депутаттар жүргізушілерді мектеп қабырғасынан бастап даярлауды ұсынып жүр. Сонда білім ордасын бітірген оқушылар 18 жаста аттестатпен қоса, көлік жүргізу құқығын алып шығады. Ары қарай ол түлектердің жұмыссыздар армиясын толтырмай, жүргізуші болып жұмысқа тұруына мүмкіндік туады.

Салаға жауапты Цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев шәкірттерге мектепте көлік жүргізу негіздерін үйрету бастамасын қолдайтынын жеткізді. Жай қолдап қана қоймай, тиісті ұсынысты Оқу-ағарту министрлігіне жолдапты. Хабар жоқ көрінеді.

— Оқу-ағарту министрлігінің ережесіне сәйкес, «орта білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру» құзіреті шегінде дәл осы министрлік мектептерде жолда жүру тәртібі мен көлік жүргізу негіздерін үйрету мәселесін жүзеге асыруға тиіс. Біздің министрлік аталған бастаманы қолдайды және тиісті ұсыныстарды Оқу-ағарту министрлігіне жолдады, — деді Мәдиев.

Сондай-ақ теориялық тестілеуді «автоцондардан» алып қою бастамасы бойынша «Азаматтарға

арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жүргізуші куәлігін беру бойынша теориялық емтихан өткізу функциясын өзіне алу жөнінде «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына және Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне тиісті ұсыныс жолдапты. Өйткені аталған орталық барлық оқушыдан ұлттық бірыңғай тестілеу қабылдайды, педагогтерді де тестілейді. Ендеше автомектептерді бітіргендердің теориялық білімдерінің тереңдігін не таяздығын тексеру де оған қиына түспес еді.

Алайда бұл бастаманы әзірге агенттік қолдамай тұрғаны белгілі болды. Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ұстанымынша, қазіргі уақытта «Жүргізуші куәліктерін беру» мемлекеттік қызметін бір ғана құрылым — МХҚО береді. Теориялық және практикалық емтиханарды Қазақстан мен шетел (Ресейдің) азаматтары сонда штаттық режимде тапсырады.

«Тиісінше, бұл мемлекеттік қызметтің бір бөлігін өзге мекеме беру азаматтарды бірнеше ұйымға жүгіруге мәжбүр етеді. Адамдар алдымен мамандандырылған ХҚО-ға жүгінеді, кейін тестілеуді өткізетін ұйымға жолығады, содан соң қайтадан МХҚО-ға практикалық емтихан тапсыру үшін баруы қажет болады», — деген түсініктеме берді агенттік.

Сонымен қатар Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» ҰБТ сияқты тестілеулерді маусымдық сипатта (жылына 4 рет) өткізетіні атап өтілді. Ал жүргізуші атанғысы келетіндерді тестілеу — жыл он екі ай, күн сайынғы режимде жүретін сынақ. Мұның сыртында елді тұтас қамтитын ҰБТ нақандарын өткізу кезінде орталық сүрлігіске түсіп, тестілеудің басқа түрлеріне мойын бұра алмай қалады екен. 2024 жылы ҰБТ-ға 180 мыңнан астам талапкер қатысқан. Олай болса, орталықтың штатын күрт ұлғайтуға тура келеді.

Әйтсе де, депутаттар мен Цифрлық даму министрлігі қолдаған бұл бастама Үкіметте ары қарай талқыланады және жүргізушілерді даярлау саласында қолға алынған реформаның бір кірпіші болып қаланы мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Мысалға, ол құзыретті өзіне алуға полициялар белсеніп отыр. Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті жүргізуші куәлігін беруге арналған теориялық емтихан өткізу функциясын уәкілетті органға кері қайтару бойынша ұсыныс көтерді. Үкімет тараптардың дәйектемелерін негізге алып, бұл мәселені бірлесіп шешу қажет болатынын хабарлады.

АВТОДРОМДАР НЕГЕ АЯНЫШТЫ ХАЛДЕ?

Мамандандырылған ХҚО-лардың ең бір талмау тұсы, осал жері — автодромдар болып қалды. Жуырда «Азаматтарға арналған үкімет» журналистерге бейнежазба таратып, онда практикалық емтихан тапсырушы кей азаматтың «автоцон» машиналарын қалай қирататынын көрсетті. Курсанттар жол белгілерін, бағдаршамды, кедергілерді соғады, бордюрден «қарғып», қоршауларды бұзып өтеді. Бұл да автомектептен тым нашар

дайындалған кандидаттар шығатынын паш етеді.

Цифрлық даму министрі Ж.Мәдиев автодромдарда жол апаты жиі болып, машиналары жаппай бұзылатынын растады. Бұған қоса, елде автодромдар жетпейді. Республика бойынша 105 мамандандырылған ХҚО мен секторы жұмыс істейді, алайда тек облыс орталықтары мен үш мегаполисте 26 «автоцон» ғана автодромға ие. Бірақ бұлар да проблемадан бас көтере алмайды. Министр тиісті қаржыландыру болғанда, жаңа автодромдарды қуана-қуана ашатынына екіпін түсірді.

— Қаржыландырудың жеткіліксіздігі салдарынан мемлекеттік корпорация амалсыз, жергілікті әкімдіктермен, жеке инвесторлармен автодромдар салу мәселесін қарастырып жатыр. 2023 жылы Алматы облысының Қарасай ауданында, жалпы аумағы 40 соттық жер учаскесінде жаңа автодром, ал 2024 жылы Шымкент және Өскеменде жеке инвесторлар қолдауымен автодромдар салынды. 1 ғана автодромды салу шамамен 720 миллион теңгені қажет етеді, — деді Жаслан Хасенұлы.

Мамандардың айтуынша, бұған жер учаскесін алу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен жабдықтау, автоматты құрылғыларды, жабдықтарды сатып алу және басқа шығындарын қосса, бір автодромның шығыны миллиардтан асып кетуі мүмкін.

Алайда корпорацияда автоматтандырылған жүйені сатып алуға қаржының жоқтығы кесірінен, осы жаңа салынған автодромдар да толық көлемде жұмыс істей алмай тұрған көрінеді. Оларды толыққанды іске қосу үшін, министрдің түсіндіруінше, емтихан барысында алынған мәліметтерді түзетуге жол бермейтін, әрбір сынақ жаттығуын және жалпы емтихан нәтижелерін әділ тіркейтін автоматтандырылған жүйе орнатылуы қажет. Оған әзірге қаржы жоқ көрінеді.

Бұдан бөлек, 1 автодром емтиханды бақылау жүйесінің, бағдарламалық қамтылымның құны 103 миллион теңгеден асады. Ал автодромның әрбір машинасына орнатылатын GPS датчигін сатып алу 20 миллион теңгеден көп қаражатты талап етеді.

Мемкорпорацияның ақпаратынша, бүгінде республика бойынша автодромдарда емтихан тапсыруға арналған 273 автокөлік қалды. Оның 75-і кәсіпкерлерден жалға алынған. Автодромдарда оншақты машина үнемі сынған күйде жатады. «Емтихан тапсырушылардың тәжірибесінің аздығы, көліктердің тозуы автодромда жол-көлік оқиғаларына себеп болады, салдарынан көліктер жиі істен шығады», — деді министр.

Қалай болғанда, елде жүргізушілерді даярлау сапасы мен саласын жетілдіру бағытында кезекті реформа жүргізіліп жатыр. Мәселен, Мәжіліс депутаттары әзірлеген заң жобаларына сәйкес, бір жыл ішінде 10-нан көп айыппұл жинаған жүргізушілердің жүргізу куәлігін уақытша тартып алып, автомектепте оқуға, емтиханардан қайта өтуге жіберу ұсынылған. Осы және басқа жаңашылдықтар не нәтиже мен қайтарым әкелетінін өмір мен тәжірибе көрсетеді.

ҒЫЛЫМ

12 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 12 сәуір – Ғылым қызметкерлері күніне орай, ғалымдарды марапаттау рәсімінде: «Ғылым жолы – күрделі жол. Өзіңің адал, табанды, еңбекқор, жаңашыл әрі жасампаз адамдар ғана ғылым жолындағы қиындыққа төзе алады. Біз шын мәнінде озық ойлы ұлт боламыз десек, қоғамда осы қасиеттерді дәріптеп, орнықтыруымыз қажет», – деп атап өтті. Сондай-ақ «Қазір технология қарқынды дамыған кезеңде біз үздіксіз ізденіске, терең білім мен ғылымға ерекше мән беруіміз керек. Бұл ретте ғылыми қауымдастыққа айрықша жауапкершілік жүктеледі. Өйткені ғалым – ұлттың шамшырағы», – деп, ғылым қызметкерлерінің қоғамдағы рөліне жоғары баға берді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ зерттеу университеті ретінде ғылымды дамыту мен инновациялық инфрақұрылым жүйесін жаңарту және ғалымдарды әлеуметтік қолдау шараларын жақсарту мақсатын әрдайым алдыңғы қатарға қойып келеді. 2024 жылы оқу орнының ғалымдары 402 ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асырды. Оның ішінде 321 жоба Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы аясында орындалды. Ал 17 жоба бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жолымен атқарылды. Сондай-ақ 48 халықаралық жоба сәтті сабақталып, 15 ұйым және кәсіпорынмен шаруашылық шарттар шеңберіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бір жоба «Ғылым қоры» АҚ ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру бойынша іске асты.

2021 жылы университет ғалымдары жалпы сомасы 2 782,1 млрд теңгені құрайтын ғылыми жобаларды жеңіп алса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 13 млрд теңгеге өсті. Нәтижесінде, 252,53 млн теңге көлемінде кіріс түсіп, ғылыми әлеуетті көтеруге мүмкіндік туа бастады. ҚазҰУ базасында тек бір жылдың ішінде 30-ға жуық зертхана ашылып, ғалымдар игілігіне берілді. Атап айтқанда, Суперкомпьютер кластері, Робототехника және мехатроника бойынша компетенция орталығы, Farabi Hub инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығы, «Қашықтықтан зондау технологиясы және қолдану» зертханасы, «Тұрақты даму және табиғатты ұтымды пайдалану» ғылыми орталығы, Орталық Азиядағы тұрақты даму орталығы, Farabi chem science кластері, Chemical Coatings Innovations химиялық ғылыми-өндірістік орталығы бой көтерді.

Университет ғылымының қарқын алып, жаңа жобалардың қаржылай гранттарға ие болуына ең алдымен мемлекеттің қолдауы зор. Әсіресе, жас ғалымдар Президент қамқорлығын айқын сезіне бастады. 14 жас ғалым Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан пәтер кілтін алып, баспанаға қол жеткізді.

Ғылым саласына жасалған қолайлы жағдай ғалымдардың ынтасын оятып, құлшынысын арттырды. Былтыр қазақстандық ғалымдар Scopus дерекқорында индекстелетін 9 410 ғылыми еңбек жариялады. Оның 1 589 жариялануы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі, яғни университет ғалымдарының үлесі қазақстандық жарияланымдардың жалпы санының 16,8 пайызын құрады.

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметін дамытуда халықаралық ғылыми-білім беру байланыстарын жүйелі түрде кеңейту, шетелдік тәжірибені пайдалану маңызды рөл атқарады. Сондықтан бірлескен ғылыми зерттеулер Erasmus+ және ЕҚЫҰ халықаралық бағдарламалары аясында, сондай-ақ «Болашақ», Америка кеңестері, БҰҰ, ЮНЕСКО,

ҚАЗҰУ ӨНДІРІСПЕН КҮШ БІРІКТІРУГЕ ДАЙЫН



Франция Сефасиль қоры, DAAD, Қытай Ғылым академиясы сияқты халықаралық қорлар және ұйымдармен жүзеге асырылады. 2021 жылы 62 оқытушы-профессор, 8 ғылыми қызметкер, 226 магистрант, 77 докторант Халықаралық ұтқырлық бағдарламасымен білімі мен білігін жетілдіріп қайтты. Ал 2024 жылы бұл мүмкіндікті 707 оқытушы-профессор, 106 ғылыми қызметкер, 345 магистрант, 337 докторант пайдаланды.

Университет өз ғалымдары мен профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми қызметінің жетістіктері мен нәтижелерін ғылыми іс-шараларды өткізу арқылы да белсенді түрде насихаттайды. Жақында Алматы қаласының әкімдігімен бірлесіп 200-ге жуық бизнес өкілдерінің қатысуымен «Ғылым, бизнес және өндіріс ықпалдастығы» атты форумын ұйымдастырды.

Мемлекет басшысы ғалымдарды марапаттау рәсімінде «Ғылымның жүйелі дамуы үшін мемлекет пен бизнес, университеттер мен ғылыми орталықтар күш біріктіруі қажеттігін» тағы бір мәрте еске салды. Осы ретте университет ғалымдары қалалық әкімдікпен, бизнес-ортамен, өндіріс орындарымен жұмысты жандандыруға дайын. Алматының болашақ келбетін – экологиялық таза, жайлы және тұрақты, ақылды қала ретінде бірге құру үшін ұсыныстары да бар. Мәселен, жана технологиялар мен инновацияларды дамытуға бағытталған «Отандық әлеуметтік гуманоидты роботты әзірлеу және зерттеу» жобасын атап айтуға болады. ҚазҰУ ғалымы, академик Жұмаділ Байкөншекөвтің басшылығымен қолға алынған. Мақсаты – Ai-Gerim деп аталатын отандық

нып отыр. Ақпараттық технологиялар факультетінің доценті Бауыржан Белгібаевтың жетекшілігімен «Ел мегаполисінің ақылды бағдаршамының нейрондық компьютерлік көрінісі» әзірленді. Жобаның бірінші кезеңінде веб-камералармен жабдықталған шағын компьютерін қолданатын бағдаршамның бір камералы моделі

жасалды. Бұл камера эксперименттік зерттеулерге мүмкіндік беретін нейрондық желісімен біріктірілген. Зерттеу нәтижесінде, бұл шағын компьютер көліктердің кептелісін анықтап, тиімді басқаруға және көрсетілген бағыттағы көлік қозғалысын жылдам реттеуге қабілетті екенін дәлелдеді. Деректермен бөлісу үшін Bluetooth интерфейсі қолданылды. Камера көп орнатылған көше қиылыстарында күрделі және ауқымды шешімдер үшін AnyLogic жүйесіне ықпалдатырылған тәсіл қолданылды. Абай–Саин көшелерінің қиылысына жол айырбастаудың үш өлшемді моделі жасалды. Сондай-ақ нейрондық компьютерлік көрумен бағдаршам жұмысының фазалары туралы деректер AnyLogic Excel кестелерімен біріктірілді. Сонымен қатар нейрондық компьютерлік көруі бар көпкамералы консольдар жасалды. Құрылған жарғайлы өнеркәсіптік прототип пайдалы модель ретінде патенттелді. Прототиптер жұмысының

тестілеу. Жұмыс барысында тамақ өнеркәсібін автоматтандыру және цифрландыру нарығы талданды. IoT, жасанды интеллект, цифрлық сынарлар және таратылған технологиялар сияқты заманауи тенденциялар зерттелді. Ғалымдар автоматтандырудың, логистиканың ағымдағы деңгейіне баға берді. Жиналған ақпарат негізінде икемділікке, ауқымдылыққа және деректерді нақты уақыт режимінде интеграциялауға бағытталған цифрлық сынардың бастапқы кептелгендігі архитектурасы жасалды.

Ал 12 ғалым мен жас зерттеушілерден құралған зерттеу тобы «Машина динамикасындағы күрделі сызықтық емес қасиеттері мен өзгермелі құрылымы бар механикалық деформацияланатын жүйелерді талдаудың математикалық модельдері мен әдістерін дамыту» жобасы аясында жұмыс атқаруда. Аталған жобаның жетекшісі – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Лея Хаджиева. Жоба мұнай-газ саласындағы машиналар мен бұрғылау жабдықтарының динамикасын зерттеуге арналған. Әсіресе, бұрғылау бағандарының тұрақтылығын болжау және олардың динамикалық көрсеткіштерін жақсартуды көздейді.

Ұңғымаларды бұрғылау кезінде кездесетін сызықтық емес динамиканың күрделілігі мен әртүрлі себептер оның шешімін табуы қиындайды. Бұл мәселе әлі де зерттеушілер үшін ең күрделі әрі шешілмеген түйткілдердің бірі болып отыр. Жоба аясында ғылыми топ сызықтық емес орталардың үш өлшемді деформациясының математикалық моделін әзірледі. Бұл модель бұрғылау бағандарының конструкцияларын, жүктеме жағдайларын және қоршаған ортамен өзара байланысын ескереді.

Бұрғылау бағандарының қозғалысын және оларды дрілден қорғауды есептеу үшін арнайы бағдарламалар жасалды. Сонымен қатар жүйенің динамикасын түсіну үшін OpenGL сипаттамасына негізделген бұрғылау бағаны қозғалысының үш өлшемді визуализациясы мен анимациясы дайындалды. Зерттеушілердің айтуынша, жобада жүзеге асырылған идеялар қазіргі уақытта қолданыстағы аналогтардан ерекше. Себебі олар сызықтық емес механика саласындағы соңғы жетістіктерді заманауи IT технологияларымен біріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Мақала соңында Мемлекет басшысының ғалымдарды елең еткізген маңызды сөзіне арнайы тоқталып өткіміз келеді. Президент: «Біз сын-қатерлердің бәрін әрдайым өзіміздің басым бағыттарымызды басшылыққа ала отырып еңсеріп келеміз. Сыртқы қолайсыз факторлардың ықпалына қарамастан, дамудың даңғыл жолын жалғастыра береміз. Негізгі инфрақұрылымдық жобалар мен басқа да бастамалар толығымен орындалады», – деп атап өтті. Инфрақұрылымдық жобалар мен ғылыми бастамалардың орындалуы ғалым-зерттеушілерге серпін беріп қана қоймай, әлемдік дағдарыспен күресуге де көмектеседі. Сондай-ақ тәуелсіздік жылдары түрлі себеппен ғылымнан алшақтап кеткен білікті мамандарды ғылыми ортаға қайта тартуға ықпал етері анық.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма төрағасы – ректоры

Ғылым саласына жасалған қолайлы жағдай ғалымдардың ынтасын оятып, құлшынысын арттырды. Былтыр қазақстандық ғалымдар Scopus дерекқорында индекстелетін 9 410 ғылыми еңбек жариялады. Оның 1 589 жариялануы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі.

қашықтан басқарылатын әлеуметтік гуманоидты роботты құру. Ai-Gerim – ең мобильді гуманоидты роботтан және Qamqog интеллектуалды ақпараттық жүйесінен тұратын күрделі және көпфункционалды құрылғы. Қарапайым тілмен айтқанда, ҚазҰУ ғалымдары адамдармен қарым-қатынас жасауға, олардың қажеттіліктерін түсінуге және нақты көмек көрсетуге қабілетті, адамға ұқсас робот құру үстінде. Ai-Gerim роботын қоғамның әртүрлі салаларында қолдануға болады. Яғни, үйде отырған адам Wi-Fi арқылы Ai-Gerim-ді қашықтан басқара отырып, мұражайда гид, дүкенде кенесші немесе супермаркетте сатушы міндетін атқарта алады. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қолын ұзартып, өмір сүру сапасын жақсартуға үлес қосады. Ai-Gerim 21 еркіндік дәрежесіне ие. Триподтармен қозғалатын бас пен магистральдың бірегей дизайны адамның табиғи қозғалысын қамтамасыз етеді. Qamqog ақпараттық жүйесі телекөрсетілім, қашықтан басқару және кері байланыс жүйелерінің принциптеріне негізделген. Бұл операторға роботтың «ішіндегі» құбылыстарды сезінуге және оны мүмкіндігінше тиімді басқаруға жол ашады.

ҚазҰУ ғалымдары маңызды бар үлкен қалаларда көлік кептелісін шешіп, қозғалысты реттеу үшін тағы бір жана ғылыми шешім ұсы-

ҒЫЛЫМЫ БАР ЕЛДІҢ ҒҰМЫРЫ МӘҢГІ



Экономикасын ілгерілетіп, әлеуетін арттыруды мақсат ететін өркениетті елдің барлығы ғылымына үлкен мән беріп отыр. Себебі кез келген ұлттың бәсекелестік қабілеті оның білімімен, инновациялық дамуымен өлшенеді.

Қазір еліміздің де ғылымы мемлекет тапынан қолдау тауып отыр. Озық ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын қалыптастыруға қомақты қаржы бөлініп, ғылымға жастарды тарту бойынша кешенді жұмыстар атқарылуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазір ғылымға арқа сүйеген мемлекеттер әлемнің даму көшін бастап тұр. Біз сол елдердің қатарына қосылу үшін ғылымға айрықша мән беруіміз керек, яғни ғылымды қарқынды дамудың төте жолы ретінде қарастыруымыз керек», — деп ғылымға ден қойған жастарға қолдау жоғары болатынын жиі еске салады.

Ғалымдар — бұл университеттің жаны мен жүрегі. Олардың ашқан жаңалықтары, жұмыстарының нәтижесі — университеттің барлық жетістігінің негізі. Өйткені тың зерттеулер арқылы білім шекарасы кеңейіп, маңызды мәселелерді шешудің жаңа жолдары анықталады, сол арқылы қоғам дамиды.

Қазір Жетісу университетінде 13 ғылым докторы, 86 ғылым кандидаты және 32 PhD докторы қызмет атқаруда. Олар педагогикалық қызметімен қатар ғылыми жұмыспен де айналысып, қайықтың қос ескегіндей екі саланы қатар алып келеді.

Жетісу университеті — өңірлік университет болғанымен, ғылыми және инновациялық инфрақұрылымы жоғары, әлеуеті мол, жарты ғасырдан астам тарихы бар білім ордасы.

Биыл университет қабырғасында Аксиологиялық зерттеулер және медиатеchnологиялар орталығы, Huawei ақпараттық технологиялар академиясы ашылды. Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институты, Академиялық артықшылық орталығы мен Орталық Азияда аналогі жоқ Speed breeding орталығының іргесі қаланды.

Жаңадан салынған лабораториялар, арнайы аудиториялар, заманауи видеостудия қажетті техникалық құрал-жабдықтар ғылыммен айналысатын жас ғалымдар мен оқытушыларға, студенттерге оңтайлы жағдай тудырып отыр. Білім ордасының кітапханасы да әлемдік ғылыми қауымдастықтың соңғы ғылыми ізденістеріне қол жеткізуге болатын деректер базасына қосылған. Осындай мол мүмкіндіктердің арқасында университет ғалымдары ғылыми жұмыстармен айналысып, отандық ғылымның дамуына өзіндік үлес қосып келеді.

Қазір университет базасында 8 нысаналы-бағдарламалы қаржыландыру, 7 гранттық қаржыландыру, 11 «Жас ғалым» гранттық қаржыландыру, 1 коммерциализация бағыты бойынша барлық жоба жүзеге асырылып жатыр.

Білім беру, ғылыми жұмыстар және басқа да бағыттар бойынша соңғы жылдары қол жеткізген жетістіктеріміз ауыз толтырып айтарлықтай.

Университет — білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі IQAA Ranking (БСҚБТА) жүргізген 2024 жылғы

институционалдык (жалпы) рейтинг нәтижелері бойынша көпсалалы ЖОО арасында үздік 5-ке кіріп отыр. Әлемдегі және Азия континентіндегі 1000 үздік жоғары оқу орнының қатарында.

Жоғары білім беру жүйесі жаңа даму бағыттары мен қуатты ынталандырудың кешеніне ие болып, ғылым саласында игі жобалар жүзеге асып жатыр. Жуырда төрт бірдей ғалымның 1,1 млрд-тан астам теңгеге ғылыми жоба ұтып алды. Мұның сыртында Еуропалық комиссия қаржыландыратын «Горизонт» бағдарламасы аясында 2 халықаралық жоба іске асуда.



Сонымен қатар «Бағдарламалық — нысаналы қаржыландыру» шеңберінде 5 жоба ұтып алды. Бұл — оқу орны тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға. Ғалымдарымыздың гранттық жобаларының нәтижесінде университетте бірнеше ғылыми орталық ашылды. Мәселен, Құқық және экономика факультетінде «Құқық, экожүйелер және тұрақты дамуды зерттеу» орталығы ашылды. Онда ғалымдар құқық, экожүйелер және тұрақты даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға, кешенді зерттеулердің нәтижелерін ғылыми айналымға енгізеді.

Педагогика және психология факультетінде Жетісу облысында аналогі жоқ инклюзиялық білім беруге арналған «Арнайы білім беру мәселелерін зерттеу» орталығы ашылды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда орталықтың маңызы зор. Аудитория көру, есту, тірек-қимыл аппараты және тағы басқа дамуында шектеуі бар балаларға арналған арнайы құрылғылармен жабдықталған. Сонымен қатар мұнда арнайы білім беруді жүзеге асыру бойынша қолданбалы зерттеулер, теориялық және оқу-әдістемелік әзірлемелер дайындалады.

«500 ғалым» тағылымдамасы аясында университеттің оқытушылары мен ғалымдары шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтіп, үздік ғылыми орталықтарда білімін шыңдады. Олар АҚШ-тағы Джордж Вашингтон университетінде, Иллинойс уни-

верситетінде, Испанияның Гранада университетінде, Италияның Марке политехникалық университетінде (UniVPM), Англияның Рединг университетінде білімін шыңдап, біліктілігін арттырып қайтты.

Жалпы, университет 80-ге жуық шетелдік жоғары оқу орны және халықаралық ұйыммен ынтымақтастық байланыс орнатқан. Олардың қатарында Польша, Чехия, Швейцария, Швеция, Малайзия, Болгария, Корея, Португалия, АҚШ, Италия, Венгрия сынды елдер бар.

Шетелде білім алу көп жастың арманына айналды. Алайда білімді жастардың өзге елге кетіп, қайтып оралмауы дамушы еліміз үшін үлкен проблемалық мәселе. Осы тұрғыда қос дипломды білім беру бағдарламасы шекара аспай «шетелде» оқуға, халықаралық тәжірибеден өтуге мүмкіндік береді.

Жетісу университеті қос дипломды және бірлескен білім беру бағдарламалары аясында Польшаның Пшасныш қаласындағы Лингвистика-техникалық университетімен, Слупск қаласындағы Поморск университетімен, Словакияның Жилина университетімен, Алтай мемлекеттік университетімен магистратураның бірқатар білім беру бағдарламасын іске асырады.

Сондай-ақ Ғылым және жоғары білім министрлігінің және Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен «Ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары» — «Агрономия» қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша Жетісу университетінде Марке политехникалық университетінің филиалы ашылып отыр. Оқуды сәтті аяқтаған студенттерге ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары саласындағы бакалавр

масы бойынша маман даярлайды: Агрономия — ауыл шаруашылығындағы жаңа технологиялар жөніндегі маман, Агрономия — Ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары — ауыл шаруашылығындағы жаңа технологиялар жөніндегі маман, Ақпараттық жүйелер архитектурасы — АТ экожүйелерінің сәулетшісі, SMART жүйелерді жобалау — әмбебап ЖИ әзірлеушісі, Туризм және қонақүй бизнесі — туристік дестинациялар бренд менеджері.

Осы орайда түлектерді халық саны шамадан тыс артқан ірі мегаполистерге бармай-ақ өңірлік университеттерде білім алып, туған жерге қызмет етуге шақырамын. Бұл студенттің алаңсыз білім алуынан бөлек ішкі миграцияның реттелуіне, урбанизацияның тежелуіне де септігін тигізеді.

Ел жетістігінің басты өлшемі адами капитал болса, студент жетістігі — білім ордасының басты мерейі. Университет студенттері түрлі деңгейдегі байқауларда пәндік олимпиадаларда, спорттық жарыстарда, шығармашылық, интеллектуалдық байқауларда топ жарып, университетіміздің ғана емес, қала берді еліміздің атын шығарып жүр.

Мәселен, Қазақстанда алғаш рет өткен Enactus World Cup 2024 әлем кубогында ЖУ студенттерінен құрылған Enactus Zhetyusu командасы бүтін республиканың намысын қорғап, финалға шықты.

Ал республикалық кубокта Жетісу университетінің Enactus Zhetyusu командасы чемпион атанса, Enactus Zhansugurov college екінші орынды жүздеді. Бұл — университет үшін ғана емес, Жетісу облысы үшін де үлкен жетістік. Сондай-ақ 26 жоғары оқу орны қатысқан республикалық зияткерлік сайысында университетіміздің «7.Pro» командасы бас жүлдені жеңіп алып, студенттеріміз 5000 доллар көлемінде грант иеленді.

Спортта да жеткен жетістіктеріміз айтарлықтай. Мәселен, 2024 жылдың өзінде студенттер Әлем, Азия, Халықаралық, Республикалық чемпионаттарда үздік өнер көрсетіп, 26 алтын, 20 күміс, 10 қола медаль қанжығалап қайтты.

Мемлекетіміздің тұрақты дамуының негізі бәсекеге қабілетті жастар болғандықтан, олардың жетістігі біз үшін зор қуаныш. Қазір ойы озық ғалымдарға, талантты жастарға сұраныс жоғары. Ғылым және жоғары білім министрлігі жастарды ғылымға тарту үшін оларға қолайлы жағдай жасап келеді. Жетісу университетінде жас ғалымдарды ынталандыруға бағытталған университетшілік «Жас ғалым» байқауы бар. Жыл өткен сайын мұндай ғылыми байқауға қатысушылар қатары көбеюде. Олардың әр бағыттағы жобалары отандық және жаһандық өндіріске бағытталған. Болашақта ғылыммен түбегейлі айналысатын жастар қатарында Анет Ибраимов, Самат Серікбаев, Қуаныш Жақпаев, Алия Ақтымбаева, Жалғас Ахметов, Диас Қасқырбаев, Асхат Тоқанбаев сынды жас ғалымдарды атауға болады. Олар бүгінде «Күзет жүйесіндегі автономды ұшқышсыз ұшу аппараты», «Электрлік ақылды мотоцикл», «Электрлік питбайк», «Электрлік трицикл», «Көпфункционалы автономды ұшқышсыз ұшу аппаратына» өнертабыс патентін алды. Бұл — біз үшін, біздің университет үшін үлкен жетістік.

Осыдан он екі ғасыр бұрын ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби «Ғылым жоқ елдің — болашағы жоқ» десе, мен дәл қазір техника мен ғылымның дамыған ғасырында «Ғылым мәнді елдің ғұмыры мәңгі» деп айтар едім. Ғылымның маңызын терең түсіну, ғылыми зерттеулерді одан әрі қолдау және дамыту — адамзаттың болашағына қажетті басты шарттың бірі. Ал І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ғалымдары ғылым саласындағы ұлы істердің ұйытқысы болып, оның жаңа деңгейге көтерілуіне өз үлесін қосып келеді.

Ермек БӨРІБАЕВ,

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің
Басқарма төрағасы — ректоры*

ОЙТОҒЫС

12 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Биыл қазақ поэзиясының белді өкілі, қазақтың тұлғалы ақыны Темірхан Медетбек 80 жасқа толды. Осынау сәулелі ғұмырында өлеңдері оқырман жүрегінің төрінен орын алған ақын шығармашылықтан бөлек, қоғамдық-саяси тақырыптарға үн қоса білді. Біз атаулы мерейтойы аясында атамызды шаңырағына арнайы іздеп барып, сұхбат құрып қайтқан едік. Атамыз бүгінгі қазақ әдебиетінің жай-күйін айтып, жанына қаяу салатын қазіргі қазақ қоғамындағы өткір мәселелер турасында әңгіме өрбтті.



— Темірхан ата, биыл сексеннің сенгіріне шықтыңыз. Осынау бір ғасырға жуық уақыт ішінде өткен өміріңізге неңдей баға берер едіңіз? «Ұтқан» немесе «ұтылған» сәттеріңіз көп болды ма?

— Өмір деген әркілі. Бірде жақсы болса, кейде қиындыққа тап боласың. Бірде үмітін көп болса, кейде күдігін басымырақ келеді. Өкінішін, адасқан сәттерің көбейеді. Өкінішсіз де өмір болмайды. Әрине, осы уақытқа дейін біреуге қиянат жасағам жоқ. Керемет асып-тасығам да жоқ. Күллі ғұмырымда еңбекпен, жұмыспен, қоғамдағы қайнаған тіршілікпен қарым-қатынасым үзілген жоқ.

— Сұхбаттарыңыздың бірінде жазушы қоғамдағы келеңсіз жайттар мен небір сөлекет тіршіліктерді айыптап, оны шығармасында көрсете білуге тиіс дейсіз. Ал бүгінгі әдебиет майданында қалам тербеп жүргендер қоғамдағы жайсыз құбылыстарды орынды сынға алып жүр ме?

— Мен қоғамда болып жатқан бүкіл тіршілікке немқұрайды қараған емеспін. Қай кезеңде болмасын оқиғаның ішінде жүрдім. Қазіргі кезеңде қоғамдағы жайсыз құбылыстарды расымен орынды сынға алып жүргендер бар, алайда шектен тыс белгілі бір жаңалықты жаман құбылыс етіп көрсететіндер де бар. Өзінің жеке басының мүддесі үшін, біреуден есе қайтару үшін қоғамдық пікірді пайдаланатындары тағы бар. Қазір әлеуметтік желілерде осындай сарындағы бықсық әңгімелер, ешкімге ешқандай абырой әпермейтін сөздер көбейіп барады. Осы үшін жаным ауырады. Өйткені дәл қазір әлеуметтік желіні мен ғана емес, артымызда өсіп келе жатқан жас-өспірімдер, әлі күнге дейін білімі толық қалыптасып үлгермеген адамдар қарайды. Әлеуметтік желідегі сондай бір пайдасыз әңгімелер ұрпақты өз артынан ертіп, бөгде жолға салып жібере ме немесе көзқарасын жалған мәселелерге аударып жібере ме деп киналамын...

— Кезінде әдебиетте ақын мен жазушы деген атақ халықтың бағалауымен өлшенетін. Қазір бұл белгілі бір мекеменің тағайындауымен, түрлі марапатпен жүзеге асырылатыны жасырын емес. Қалай ойлайсыз, біз шын талантқа, халық қалауына берілетін атақтың құнын әлсіретіп алған жоқпыз ба?

— Бұл расымен жауап беруге киналатын сұрақ екен. Өйткені менде атақ бар (күлді). Одан кейін жақында ғана Халық жазушысы атағын иелендім. Иә, шынында қоғамда ешқандай негізсіз берілетін атақтар жоқ емес. Дегенмен олардың атын атап, жіліктеп бере алмаймын. Шын мәнінде, ақылға қонбайтын мағынасыз әңгіме айтатындар жеткілікті. Бәлкім, олардың қоғамға сіңірген еңбегі мүлдем жоқ емес шығар. Десек те, кей жағдайда өзгелерді алыстатып, шетке ысырып тастау арқылы жалған атаққа ие болатындар баршылық. Қоғамдағы мұндай орынсыз құбылыстар үшін кейде іштей қынжыласың.

— Кейінгі кездері поэзияда «жылауық шығармалар» көбейген сынайлы. Өзіңіз де «рух көтеретін, адамды тіршілікке сүйіндіретін, тебіренетін өлең аз» деп айтып қалдыңыз. Әлі де солай ма?

— Мен мұңлы шығармаларға ешқашан қарсы емеспін. Бүгінге дейін халқымыздың басынан небір қайғы-қасірет пен сұмдық оқиғалар өтті. Қаншама қазақ ашаршылық кезеңінде қырылып қалды, кейіннен елдің



Қазіргі кезеңде қоғамдағы жайсыз құбылыстарды расымен орынды сынға алып жүргендер бар, алайда шектен тыс белгілі бір жаңалықты жаман құбылыс етіп көрсететіндер де бар.



қаншама білімді азаматы қуғын-сүргіннің құрбанына айналды. Алайда мұндай сарындағы оқиғаларды қаламына арқау етсең, мұңға берілмей, керісінше өлеңге рух қосу қажет. Сол қасіреттің өзінен рух табуға болады. Тарихта, көктүріктер заманында, одан кейінгі уақыттарда да қаншама ғажап, сұрапыл батырларымыз өмір сүрді. Меніңше, өлеңде батырларымыз туралы да жырлау қажет. Мен ақын қаламынан туған қайғыра жырлайтын өлеңдердің шығуына қарсы емеспін. Дегенмен болмайтын дүниеге күйреп сөйлейтін адамдардың жазған шығармаларына қарсымын. Әрқашан өлеңде қайғы-қасірет болсын, мейлі қуаныш болсын, жайрандап кетуге болмайды. Рух болуы маңызды. Өлең адам жанын тебірентіп, толқытуға тиіс. Оқырманды жігерлендіріп, одан са-

йын намысын қоздыруы қажет. Міне, сондай бір өлеңдер жайрандап тұратын немесе семсер сілтеп, қылышын қайрап, қалғанын қаңғырлатып жүретін емес, болмыс-бітіммен табиғи қалпында көрінуге тиіс деп ойлаймын.

— Бүгінгі буынның әлеуеті мен шығармашылығына қарап келешекте әдебиеттің алтын кезеңімен қайта қауышамыз деп айта ала ма едіңіз?

— Мен қазіргі жастардың жазған шығармаларын оқып жүрмін. Кезінде «алтынкөпірліктер» туралы да жазғанмын. Қазір олар қазақтың абыройлы ақындарына айналды. Мен 60-жылдардағы Мұқағали Мақатаев, Қадыр Мырза Әли, Жүмеке Нәжімеденов, Төлеген Айбергеновтер шыққан әдебиетті «алтын кезең» деп атаймын. Келешекте дәл сондай кезең туа ма, тумай ма, оны қазір дөп басып айта алмаймын. Онымен қоса, сол кездері проза жанры бойынша Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков сияқты керемет жазушыларымыз шықты. Мен қазіргі әдебиеттің сол деңгейге дейін барғанын әрі 60-жылдар сияқты дүрк көтерілетінін армандаймын. Бізден кейінгі болашақ ұрпақ сондай бір кезеңге қол жеткізсе екен деймін. Бірақ қазір өзін білесің, бұрынғыға қарағанда

Темірхан МЕДЕТБЕК,
ақын:

БІЗ АБАЙДЫ КӨРСЕТЕ

кітап оқу сиреді. Болашақта 60-жылдар сияқты дүрк көтеріліп, өрісін де кенейтіп, өресін де биіктетіп, жан-жағын түгел өзіне жалт қарататын сұрапыл күш пайда болады деп ойлау маған ауырлау. Бірақ кім біледі? Өмір өзгеретін шығар. Себебі көптеген елде бір кездері біздің басымыздан өтіп жатқан жағдайға ұқсас адамдары кітап оқудан қашқан, бірақ қазір кітапқа қайтадан оралып жатыр. Мүмкін, осындай процестер басталса, біз әдебиетте биікке қайта көтерілерміз. Келешекте дәл

өзіңіз айтпақшы, «аударма поэзияның оң жаңбасына келмейтін» сияқты...

— Бұл өте жанды сұрақ, Алтынай. Көптен бері менің көкейімде жүрген мәселе. Осы уақытқа дейін Абайды орыс тіліне бір рет болса да сапалы етіп аударма алмадық. Пушкиннің орысшасын да, қазақшасын да оқыдым. Дегенмен бұл аударманы мен сәтті аударма деп айта алмаймын. Мысалы, әдебиетте Лермонтовтың аударған шығармалары көңілге қонымды. Ал дәл бұлай сәтті аударма шығару үшін аудармашының бойында Лермонтов, Абай деңгейіндегі мықты талант болуға тиіс. Өкінішке қарай, Абайды талантсыз адамдар аударды. Ол Абай әлемін ашып көрсете алмайды, өлеңді Абайдың деңгейінде шығара алмайды. Сондықтан поэзияда сондай бір керемет аударма жасалған шығарманы атап көрсете алмаймын. Біз ең біріншіден, Абайды өз деңгейінде көрсете алмадық, Махамбетті аудару тіпті мүмкін емес, ал жыраулар поэзиясын аудару тіпті күлкілі болуы мүмкін. Шынын айтқанда, өлең қай тілден қай тілге аударылса да, поэзиядағы аудармаға көңілім толмайды. Бірақ Абай Гетені Лермонтовтан да жоғары деңгейде аударды. Сондықтан өлеңге сапалы аударма жасау үшін ең алдымен сол ақынның деңгейіндегі адамдар аударуға тиіс шығар деп ойлаймын. Мұндай деңгейге лайығы табыла қоя ма, білмеймін. Менің түсінігім ала-құла, мойындауым керек. Бірақ бұл принципті түрде ойлайтын аса қиын жауапты құбылыс деп білемін.

— Дәл қазір сізді қоғамдағы қандай мәселелер алаңдатады?

— Алаңдататын мәселелер белшеден көп. Әсіресе, мені қатты алаңдататыны — балалардың кітап оқудан алшақтауы. Олардың уақыт өткен сайын өзгеріп бара

ОЙТОҒЫС

12 СӘУІР 2025 | СЕНБІ



жатқаны. Кезінде Абай «Шошымын кейінгі жас балалардан» деп айтқан еді, десек те, біздің кезеңдегі жағдай Абайдың кезіндегіге қарағанда әлдеқайда ауыр, күрделі. Балалар қайда кетіп бара жатыр? Қандай жолмен кетіп барамыз? Ертеңгі келешегіміз қалай болмақ? Жеріміз кең, халқымыз аз. Геосаяси шиеленістер де аз емес. Бұл біздің қазіргі жағдайымызға кері әсер ете ме деп қорқам. Жалғыз мен ғана емес, елінің, жерінің тағдырын ойлаған адамның көбінде осындай ой болуы мүмкін. Бұл жағдайда әлемдегі ең қуатты, дүниежүзі аяғын тартатын державалардың

қажет. Ұрпақ алдында ұлттық идеологиямызды дамыту маңызды. Идеологияны ұрпақ санасына сіңіруіміз үшін, аянбай қызмет етуіміз қажет.

— **Қатарластарыңыздың қатары сиреп барады. Жүрек ауыртатын, жаныңызға мұң ұялататын осы түс емес пе? Кімді сағынасыз, кімге сыр шертесіз?**

— Адамның жанын ауыртатын сұрақ қоясындар, иә?... Айналайын-ау, енді менің көңілім босайды ғой. Қазір сексендемін. Жұматай Жақыпбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Жарасқан Әбдіраштар көзі тірі болса, қазір сексенге таяп қалар еді.

ӨЗ ДЕҢГЕЙІНДЕ АЛМАДЫҚ

ортасында отыру — бізді екі шоқып, бір қарауға мәжбүрлейді. Одан бөлек, державаны былай қойғанда, өз ішіміздегі кертартпа құбылыстар, соның ішінде дін мәселесі, теріс ағымдарға ілесіп кеткендер жаныңды ауыртады. Ұлттық рух қана бізді осы тығырықтың бәрінен алып шығуы мүмкін. Онысы болмаса, бәрі бекер.

— **Ал, сіздіңше, жастардың кітаптан алшақтауына не әсер етуі мүмкін?**

— Қолындағы телефон әсер етіп отыр. Оның адам үшін пайдасымен қоса зияны да бар. Жаман нәрсе адам бойына тез жұққыш келеді. Әсіресе, бұл жас балалар үшін өте қатерлі дер едім. Автобуска мінсең, жасы да, кәрісі де телефонға шұқшиып отырады. Бұл бізді жақсылыққа алып бармайды. Бұл құбылыстан ештеп арылуымыз

Олар елуге жетпестен бұл өмірмен қош айтысты. Осының барлығы мен үшін ауыр. Кезінде Әбіш Кекілбаев, Жүмекен Нәжімеденов, Қадыр Мырза Әли ағаларыммен де арамыз жақсы болды. Төлегенді сыртынан қарағаным болмаса, өзін көре алмадым. Кейіннен олар да мәңгілік сапарға кете барды. Қазір олардың аманатын алып келдім бе деп жауапкершілігімді бұрынғыдан да арттырған сынайлымын. Бұл жауапкершілікпен не атқара аламын? Қартайдым, қайғы ойлады, ұлғайды арман деген — осы...

— **Әңгімеңізге рақмет, ата! Ғұмырлы болыңыз!**

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



ЖАРҚ ЕТІП СӨНГЕН ҒҰМЫР

«Жарқ етіп сөнген 20 жас» — Бекзат Саттарханов туралы жинақ. Спортшының бекзат болмысын суреттеген, ол туралы махаббаттан туған өлеңдер мен поэзиялар жинақталған кітап бұл. Саттарханов жайында түсірілген мультфильм де, театрлық қойылым да, өлең мен күй де бар. Ал түрколог, зерттеуші Ержан Арғынбаев құрастырған жинаққа осының бәрі бірдей енді. Спортшының туғанына 45 жыл толуына орай жарыққа шыққан кітаптың авторымен тілдестік. Ол аталған жинақты жасауға былтыр кірісіпті.



А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

«Бекзат — спортшы емес, ол қазақтың 20 жыл күткен жеңісін әкелген батыр», — деп бастады әңгімесін Ержан Арғынбаев. Құрастырушының айтуынша, «Жарқ етіп сөнген 20 жас» чемпионның туғанына 45 жыл толуына орай жоспарланып, жарыққа шыққан. Оған ширек ғасыр ішінде Бекзат Саттархановқа арнап жазылған еңбектер топтастырылған. Ержан Арғынбаев санлақ спортшы туралы деректерді көбіне Түркістан, Шымкент, Алматы қалаларындағы кітапханадағы қорлардан алғанын айтты.

— Зерттеу барысында Бекзатқа арнап жазылған 100-ге жуық өлең таптық. Алайда биылғы 45 жылдығына орай 45 өлеңін ғана іріктеп алдық. Одан бөлек, жинағымызда 8 әннің сөзі, 15 аспаптан орындалатын оркестрге арнап жазылған үш күйдің нотасы, кітаптар мен телевизиялық туындылардың, көшелер мен кешендердің тізімі бар. Бекзат Саттархановқа арналған аталмыш еңбектерді жұрттың бірі білсе, бірі білмейді. Мақсатым — Бекзаттың жасағанын, ол туралы жарыққа шыққан барлық туындыны көпшілікке таныту және келер ұрпаққа жеткізу, — деді ол.

Жоба мұнымен аяқталған жоқ. Жинаққа енген 45 өлеңді енді түрік тіліне аудару жүзеге асып жатыр. Оның себебін кейіпкеріміз Бекзат Саттарханов қазақ елінің ғана емес, түркі әлемінің мақтанышына айналғанымен түсіндірді. Сондықтан ұлт мақтанышы туралы өлеңді туыс халықтар да өз тілінде онай оқи алуы керек екенін атап өтті.

Жинақ «Қазақ ақын-жырауларының жоқтау жырлары және Бекзат Саттархановқа арнап жазылған жоқтаулар» деген мақаладан басталды. Рухани миссияға айналған жұмысты бастауға осы мақалада кездескен спортшы туралы өлеңдер түрткі болыпты.

— Жоқтауларды жинай жүріп, Бекзат ағамызға арнап жазылған өлеңнің көп екенін байқадым. Түркістан қаласы Оқушылар сарайының директоры Индира Саркытқызының

«Осы өлеңдерді неге кітап етіп шығармасқа!» деген пікірінен соң өлеңдердің жанына өзге де еңбектерді қосу идеясы туды, — деді Е. Арғынбаев.

Оқырманға тағы түсінікті болуы үшін жинаққа енген 30 кітаптың тізімі ұсынылған. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. «Жарқ етіп сөнген 20 жастың» негізгі өзгешелігі — спортшыға арналған өлең, ән, күй, кино, мультфильм, деректі фильмнің бәрі қамтылған. Әрі олардың қайдан алынғаны көрсетіліп, дереккөздер келтірілген.

— Біз деректерді негізінен мұрағаттардан алдық. Алайда Сырлықұл апамызбен және тікелей авторлармен де сөйлесіп материалдардың дұрыстығын бақылап отырдық. Мысалы, әндердің сөздерін, күйлердің ноталарын авторларға жіберіп, тексерттік. Бекзаттың спортшы ретінде бағындырған белесі, алған асуы бөлек әңгіме. Ал қайсарлығы мен сабырлығы жастарға үлгі болуы керек. Тәуелсіздіктен кейінгі алғашқы жылдары Бекзат ағамыз қиындыққа мойымай жаттығуына жаяу барып жүріп, бокс қолғабын анасының етігінің қонышымен жамап жүргені нағыз сабырлықтың үлгісі емес пе? Сондай жағдайдан шығып, Туымызды олимпиадада желбіретті. Сол жеңіс 80-жылғы Мәскеу қаласындағы Жақсылық Үшкөмпіров ағамыздың жеңісінен кейін қазақтың 20 жыл күткен жеңісі болатын, — дейді зерттеуші.

Небәрі 20 жастағы баланың ұлт мақтанышына айналуы тарихи оқиға еді. Сондықтан Ержан Арғынбаев Бекзат Саттархановты рухымызды көтерген ұл ретінде дәріптеуіміз керектің алға тартты. Осыған сәйкес, соңғы уақытта спортшы туралы жарыққа шығып жүрген кітаптардың кең тақырыпты қамтып, шаршы алаңнан тыс Бекзатты суреттейтінін атап өтті. «Осындай еңбектер жастарға спортшыны жақыннан тануға мүмкіндік береді» деп тұжырымдады ол.

Құрастырушыдан алдағы жоспары туралы сұрағанымызда осы сынды тағы бірқатар жобаны жүзеге асыратынын айтты. Зерттеу кезінде табылған 10 өлеңнің қалғанын алдағы уақытта тағы да бір жинақ кітаптың ішіне енгізуді жоспарлап отыр. Осылайша, жинақты көп таралыммен шығарып, өңірдегі мектептерге таратуды қолға алмақ.

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ

12 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Астанада «Біз туралы өзіміз айтамыз» деген ұранмен «Autism Talks: ерекше балалы ата-аналардың шабыттан-дырар әңгімелері» атты кездесу өтті.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

2015 жылдан бері инклюзивті білім беру бойынша жобаларды іске асырып келе жатқан «Болашақ» корпоративтік қоры ұйымдастырған жиында қонақтар аутизм және дамуында ерекшелігі бар балалар жасаған тағамдардан дәм татып, олар салған суреттер көрмесін тамашалады. Ted Talk алаңында ата-аналар баласына диагноз қойылғаннан кейін қиындыққа мойынсұнбай, балаларын дамытуда өзі сияқты ата-аналардың тәжірибелерінен үйреніп, білім беру және әлеуметтік жобаларға қалай қатысуға болатыны туралы кеңес алды. Ал бейінді министрлік өкілдері, психиатрлар, невропатологтар, «Болашақ» қорының мінез-құлық талдаушылары, логопедтер, дефектологтар және басқа да мамандар ата-аналарға ерекше балаларды тәрбиелеу бойынша ғылыми тұжырымдар мен заңнамалық ұсыныстар туралы түсіндірді.

AUTISM TALKS: ҮМІТ пен СЕНІМ АЛАҢЫ

2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы ақпаратты тарату күніне орай, биыл үшінші мәрте ұйымдастырылған жиынға 400-ден астам адам қатысты.

– Autism Talks «Болашақ» корпоративтік қорының күшімен үш жыл қатарынан өтіп жатыр. Бұл шара әсіресе балаларының диагнозы туралы енді-енді біліп жатқан ата-аналар үшін өте маңызды. Мысалы, біздің өзіміз осы кездесуден көп нәрсе үйрендік. Егер осыдан 10 жыл бұрын біздің баламызды түзету жолындағы әрекетіміз біреу болса, қазір ол басқаша. Өйткені бала өскенше оның тілін шығару, ортаға қосылу, қоғаммен араласу, балабақшада, мектепте қажетті дағдыларға бейімделу секілді мәселелермен айналыссақ, енді баланың есеюіне байланысты түрлі проблемалармен бетпе-бет келіп жатырмыз. Қазір біздің Дарын – 15 жаста, гормондар қалыптасып, бойы, ойы өсіп жатыр. Сұрақтары тіпті күрделене түсті. Мен үйленемін бе, қанша балам болады деп сұрайды. Армандары көп. Сондықтан оны ересек өмірге бейімдеуге арналған арнайы бағдарламалар, тәсілдер қажет. Оған біз дайынбыз ба? Мемлекет тарапынан қандай әрекеттер жасалып жатыр? Заң бар, ол қалай жұмыс істеп жатыр, мемлекеттік әлеуметтік жобалар аутизм балалар мен ересектердің жағдайын жасауға қаншалықты дайын? Мамандар жеткілікті ме, қандай орталықтар бар? Бұл күн өткен сайын өзекті бола түсетін сұрақтар болғандықтан, жылдан жылға өсіп келе жатқан, есейіп келе жатқан аутизм бар адамдардың проблемасына көзжұма қарамай, нақты инклюзия жұмыстарын жүзеге асыру керек. «Болашақ» секілді, біздің қор секілді жеке қоғамдық



АДАСЫП ҚАЛҒАН АРМАНДАР

қорлар, ұйымдар тарапынан аутизм бар жасөспірімдерді мамандыққа баулып, ересек өмірге бейімдеп жатқанымызбен, арнайы инклюзивті оқыту бағдарламаларымыз, кең ауқымды жобаларымыз, арнайы мамандарымыз жетіспейді. Жылдан жылға аутизм бар балалар өсіп келе жатыр, көбейіп келе жатыр. Қоғам осыған дайын болса, қолұшын берсе, дені сау, қоғамға кедергісіз араласа алатын азаматтармен толықса, мемлекет тарапынан шынайы жобалар жұмыс істесе деген армандарымыз бар, – деді АBAQUS-DARYN қорының директоры, аға АВА-нұсқаушы Дархан Ажмолдаев.

– Жүйке жүйесіндегі бұл ауытқудың себебі белгісіз. Аталған мәселе дүниежүзінде өзекті болып отыр. Әлі күнге дейін толассыз зерттеулер тоқтаған жоқ. Бірақ себебін ешкім әлі анықтай алмады. Бізде инклюзивті адамдардың білім алып, еңбек етуіне заң бойынша жағдай жасалған. Қазір бұл салада даму жолынан өтіп жатырмыз, – деді дәрігер.

ӨЗГЕШЕ ҮНІ БАР, ӨЗІНШЕ ӘЛЕМ

«Болашақ» корпоративтік қоры Қазақстанның мектептері мен балабақшаларына аутизм және басқа да менталдық бұзышылықтары бар балаларға білім

және ата-ана оқудан өтті. Қор тарапынан ҚР заңнамалық актілеріне 100-ден аса ұсыныс енгізілсе, ҚР Инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі эксперименттік алаңдар желісі және білім беру ұйымдарының тізіліміне қордың инклюзивті білім беру моделі кіріктірілді. Ал «Болашақтың» үлгісі бойынша құрылған 1 500 инклюзияны қолдау кабинеті бүкіл Қазақстан бойынша жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ қордың бастамасымен Астана қаласы әкімдігі және «АМ-АНАТ» партиясының қолдауымен «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар жасөспірімдерге арналған оқу-өндірістік комбинаттар» сынамалы жобасы аясында Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі және Менеджмент, бизнес және білім колледжі 7-11 сынып оқушыларына арналған мамандандырылған кәсіби алаңдар ашты.

– Осы сынамалы жобаның арқасында біз мектепке дейінгі, мектеп және орта арнаулы білім беру ұйымдарындағы алаңдарды қамтитын үздіксіз оқыту жүйесін құрып жатырмыз. Біздің түлектер кәсіпорындарда өз пайдасын тигізсе алады деп сенеміз, бұл олардың әлеуметтенуі мен қоғам өміріне қосылуының маңызды кезеңі болмақ, – деді Динара Гаплан.



Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының 2024 жылғы мәліметіне сәйкес, Қазақстанда аутизм бар 15 000-нан астам бала болса, оның 7 мыңдайы – мектеп жасына дейінгі балалар. Бейресми деректерде еліміздегі аутизм бар балалар саны 35 000-нан асады деп көрсетілген. ДДҰ деректері бойынша, әлемде шамамен 100 баланың біреуінде аутизм спектрінің бұзылуы тіркелсе, АҚШ-тың Ауруларды бақылау және алдын алу орталығының (CDC) деректеріне сәйкес, бұл көрсеткіш 36 баланың 1-уінде анықталған. Мамандар аутизм диагнозы қыздарға қарағанда, ұлдарға төрт есе жиі қойылатынын айтады. Балалар психиатры Мадина Кенжебекова: «аутизмнен емделу мүмкін емес», – дейді, себебі ол – жүйке жүйесінің ерекше дамуымен байланысты бұзылыс.



берудің инклюзивті моделін енгізу бағытында «Әр бала мектепке баруға лайықты» жобасы аясында алғаш 2015 жылы еліміздің 24 қаласында 71 инклюзияны қолдау кабинетін ашты. Нәтижесінде, 800-ден астам бала мектепке күнде баруға мүмкіндік алса, 4 000 маман

Жобаға қатысып, аспаздық білім алған Алмасбек Сатинов пен анасы Алмагүл Сатинова Autism Talks алаңында өздері туралы айтып, жиынға келушілерге қиындықты жеңуге тек сенім мен үлкен күш-жігер қажет екенін жеткізді. Алмагүл Сатинованың айтуынша,

қазір 19 жастағы баласы Алмасбек Сатиновқа 4 жасында дәрігерлер ерекше диагноз қойған.

– Ол кезде қазіргідей интернет желісі қатты дамымаған еді. Көп ақпараттың болмағанынан баламның диагнозын қабылдау қиын болды. Балам 6 жасқа дейін сөйлемеді. Кейін тегін түзету орталықтарына барып, жағдайымызды жақсартта түстік. Бүгінде колледжде білім алып жүрміз. Кез келген жағдайда ата-ана өз баласына сенуі керек. Соңғы жылдары ерекше балаларды тәрбиелеушілер бас қосатын қауымдастықтар да артып келеді, – деді ерекше баланың анасы.

Қазір Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжінің 1-курс студенті Алмасбек Сатинов кондитерлік өнімдер пісіруді біршама меңгеріп алған.

– Колледжде біз мектепте өтетін барлық пәндерді оқимыз. Тоқаштан бастап бәлішке дейін кондитерлік өнімдерді пісіріп үйренеміз. Маған үн илеген ұнайды. Болашақта осы бағыт бойынша мамандық тандап, жоғары оқу орнына түскім келеді. Бос уақытыма сахаттағанды, туған-туыспен араласқанды жақсы көремін, – деді ол.

«Болашақ» корпоративтік қоры жүзеге асырып отырған ізгілікті жобалар қатарында 13-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған инклюзивті футбол жобасы да бар.

Инклюзивті футболды дамыту бойынша сарапшы, UEFA «А» санатындағы жаттықтырушы Шыңғыс Темерхановтың айтуынша, қазіргі уақытта Қазақстанның 9 қаласындағы 9 инклюзивті футбол командасында 110 бала үздіксіз дайындалып жүр.

– UNI Football League жұмысын бастағалы бері балалар физикалық қана емес, психологиялық жағынан да айтарлықтай өсті. Олар негізгі және күрделі футбол жаттығуларын меңгеріп, шыдамды болуды үйренді. Алғашқы кездегідей емес, тапсырмаларды тез түсінеді, жаттықтырушыларды тыңдайды. Бұған дейін олар көпшіліктің алдына шығудан қорғанса, қазір алаңға батыл шығып, қорқынышты жеңуді үйренді. Өздеріне сене бастады. Жаттықтырушылар да ерекше балалармен жұмыс істеудің қыр-сырын меңгерді. Ата-аналардың қолдауының арқасында қазір қыркүйек айында өтетін жарысқа дайындалып жатырмыз. Бұл жоба футболдың барлығына қолжетімді екенін және оның өмірді өзгерте алатынын дәлелдейді. Біз балаларға өз әлеуетін ашуға, қоғаммен араласуға үйретеміз. UNI Football League – бұл жай ғана спорт емес, бұл ерекше балаларға арналған өмір, эмоциялар және жаңа көкжиектер, – деді маман.

Соңғы жылдары қатары қалындап, саны өсіп, жылдан жылға есейіп келе жатқан ерекше жандар үшін әр адамның, кез келген қоғамның және мемлекеттің көмегі, қолдауы аядай қажет екені дау тудырмайды. Зерттеуші-сарапшылар, сала мамандары айтып жүргендей, олар қоғамдық ережелерді түсінбеуі мүмкін, өз ішкі әлемінде өмір сүретін, өзгеше естелетін әлем болуы да мүмкін. Иә, шынымен олар жүректен шыққан шынайы мейірімге мұқтаж жандар шығар...



12 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Сұрапыл соғыстың жарасы әлі жазылған жоқ. Талай шаңырақты шайқап, ананы жесір, баланы жетім қалдырған қан майданның қасіреті де санадан өшпейді. Десе де, «Жеңіс» деген ұлы көктемді жақындатқан батырларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес. Тек майдангерлеріміздің қатары жыл санап сиреп бара жатқаны жанға батуда. Міне, сондай соғыстың соңғы солдаттарының бірі – Тараз қаласының тұрғыны Мүтәліп Ережепбайұлы.



СОҒЫСТЫҢ

соңғы солдатты

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Мүтәліп қария 1926 жылы 23 наурызда Талас ауданы Қарой ауылында дүниеге келген. Әкесі Ережепбай «халық жауы» атанып, 8 жылға сотталып, артынша атылған. Мүтәліп ақсақал анасы Бекпатша екеуі бұл қасіретті де бастан өткерген. Ардагер 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін майдан даласына аттануға өз еркімен бірнеше рет өтініш жазады. Алайда тек 1944 жылы мамыр айында 18 жасында соғысқа аттанған. 664-ші мототыңшытар полкі құрамында 3-ші Беларусь майданына әскерге шақырылған. Аз ғана дайындықтан кейін Прибалтика майданында Кенигсберг қаласы маңындағы, Берлин қаласын алудағы шайқастарға қатысқан.

Соғыстан кейін ардагер әйгілі Брест сияқты қалаларды қалпына келтіру жұмыстарына қатысып, елге 1952 жылы бір-ақ оралады. Майдангер II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Берлинді алғаны үшін» медалімен марапатталған. Ал елге келгеннен кейін 1956 жылы Талас аудандық «Кеңес» атқару комитетінде нұсқаушы, кадр және

құпия бөлімдерінің меңгерушісі, 1958 жылдары аудандық «Ленин жолы» (қазіргі «Талас тынысы») газетінде жауапты хатшы, редактор қызметтерін атқарған. Соғыс ардагері – Талас ауданының «Құрметті азаматы». Жұбайы екеуі 3 ұл, 3 қыз өсіріп, бүгінде олардан 16 немере мен 43 шөбере сүйіп отыр.

Өткен жылы Мүтәліп қарияның өмірінде тағы бір тарихи оқиға болды. Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко неміс әскерлерінің Беларусь жерінен шығарылуына 80 жыл толуына орай мерекелік медальдар дайындатқан. Брест қамалын қорғау және қалпына келтіру ісіне қосқан үлесі үшін «Неміс фашист әскерлерінің Беларусь жерінен шығарылуына – 80 жыл» мерекелік медалімен Мүтәліп қария да марапатталды.

99 жастың жотасына келсе де, Мүтәліп қария өте тың. Хәлін сұрап келген адамдарды өзі жылы шыраймен қарсы алып, ендігері соғыс оты тұтанбауын тілеуде.

– Өмір мен өлім арпалысқан соғыста бірнеше мәрте ажал аузынан аман қалдым. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жеткен ғана өледі» деген осы шығар. Қан майданда аяғымнан ауыр жаракат алып, төсек тартып та жаттым. Алайда Аллаға шүкір, соғыстан аман оралып, туған өлкемнің дамуына тамшыдай болса да өз үлесімді қостым деп ойлаймын. Бүгінгі ұрпақ сол бір зұлмат жылдарды көрмесе екен деймін. Жаратқан сондай кезенді ешкімнің басына бермесін. Мен қу болған қан майданды қазақтың басына енді жазбасын. Егеменді еліміз дамып, халқымыз бай-қуатты ғұмыр кешсін! – дейді қария ақ батасын беріп.

Мүтәліп ақсақалдың жұбайы Тынышбала бастарынан қандай қиындықтар өтсе де жұптары жазылмағанын айтады. Сондай-ақ майдангер аталарын бүгінде ұл-қыздары мен немере-шөберелі мактан тұтуда.

– Жарты ғасырдан астам уақыттан бері өмірдің ашы-тұшысын қатар көріп келеміз.

Түрлі қиындықтарды да бастан өткеріп, барлығына шыдадық. Бүгін міне, перзенттеріміз жетіліп, көз қуанышымызға айналып отыр. Ұл-қыздары үшін әкелері – даналықтың қайнар көзі, тарихтың тірі куәгері. Немере-шөберелері де аталарын үлгі тұтып, денсаулығының зор, өмір жасы ұзақ болуын тілейді, – дейді Тынышбала Нөгербекқызы.

Майдангердің:

*«Қош келдің, үлкен ауыл тоқсан деген,
Жүріп келем жақсылар өткен жолмен.
Жамбыл жайлы бір еңбек жазып шықтым,
Үмітім бар Жамбыл жасына
жетсем деген», –*

деп тоқсан жасқа келгенде жазған жыр жолдары бар. Расында, биыл тоқсанның тоғызына шыққан майдангердің тілеуі қабыл болып, жыр алыбы Жамбылдың жасына жетіп отыр. Ләйім, Мүтәліп қария ғасыр ғұмырдың да танын атырсын деп тілейміз!

Жеңіс күні қарсаңында біз ерекше тарихи оқиға жайлы айтуды жөн көрдік. Жеңістің артында, әрине миллиондардың тағдыры жатыр. Атырау облысы майдан шебіне әскер, мұнайымен бірге, қару-жарақ, азық-түлік және түйелерді де жөнелткен.

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Бұл тарихи деректі бүгінде марқұм болған атыраулық өлкетанушы ғалым, жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Өтепберген Әлімгереев айтып кетті. Осыдан біраз бұрын республикалық арналардың бірінен «Босату. Берлин үшін шайқас» фильмі көрсетілген.

Бір сәт зеңбірек сүйреп келе жатқан екі түйені көрген кино кейіпкерінің бірі: «Мынау қайдағы түйелер?» – деп танданады. Екіншісі, «Басқұншақтан ғой», – деп жай ғана жауап береді. Сонда сұрапыл соғысқа да сахараның сұлу түйелері қатысқан ба? Осылайша, «Сол Ресейдегі Басқұншақта аталған ауылдан (қазір кала) Берлинге дейін жеңіс жүгін сүйреп барған Мишка, Машка есімді екі түйеге ескерткіш қойылады екен» деген жаяу хабар бізге де жетті. Міне, ғажап, «Қазақтың қос өркешті жануарына да мынадай құрмет көрсетіледі екен ғой» деген риясыз риза көңіл кәдімгідей кеудемізді кернеді, – деп жазған еді марқұм Өтепберген Әлімгереев.

Ғажап емес пе? Демек, арада 80 жыл өтсе де, бізге Ұлы Жеңістің қалай жеткені жөнінде әлі де ашылмаған ақиқат сыр көп деген сөз. Сонымен, әлгі түйелер Жеңісті қалай жақындата алды? Батырдың бәрі бірігіп жеңген жауға төрт түліктің бірі қалай төтеп берді?



ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТҚАН ТҮЙЕЛЕР

– 1942 жылдың жазында Дон мен Кубань, Қалмақ даласын басып алған немістер екпіндеп, ендігі кезек Астрахань мен Сталинград деп ентеледі. Негізгі күш соңғы қалаға бағытталды. Міне, осы кезде Астраханьда 28-қосалқы армия жасакталып, оның 902-атқыштар полкінің, 248-дивизиясы, 9-корпусы жергілікті және Нева жағалауынан эвакуацияланған жастар, сондай-ақ Каспий теңізі теңізшілерінен жасакталды. Бірақ соғыс қаруы тым аз, автокөлік, басқа да техникалар жоқтың қасы. Жүк таситын аттар да жоқ. Амалсыздан артиллериялар мен зеңбіректер, соғыс құралдары, азық-түлік пен медициналық заттарды тасуға түйелерді пайдалануға тура келді. Ол үшін жергілікті тұрғындардың қорадағысы былай тұрсын, өрістегі еркін жайылған өркештілерді жинады. Ол азық етіп, КСРО Қорғаныс Комитетінің Бұйрығымен Қазақстаннан, соның ішінде көршілес Атырау облысынан, Қалмақ даласынан, Түркімениядан әкелінді және олар ауыр жүктерді

қиналмай сүйреп, 5-6 күн сусыз, жолсыз даламен тарта беретін қазақы жануарлар аз уақытта кеңес жауынгерлерінің сенімді серіктеріне айнала алды.

– 1943 жылдың 3 ақпанында Сталинград қаласы жау қолынан азат етілді. Немістер қарсыласа жүріп, кейін шегінді. Дала кемелері бар Астраханьды сарбаздар Ростов қаласын да жау қолынан босатты. Сальск құмын басып, Маныч өзенінен өту оңай болған жоқ. Көп жануарлар осы аймақта қалды. Түйенің жүк көлігі есебіндегі орнын бағалай білген әскербасылар оларды бұдан былай Астраханьды қосалқы полк құрамы емес, басқа да әскери құрылымдарға бөліп, тарата бастады.

Осылайша, түйелер Ресей асып, Қырым, Украина, Белоруссия, Польша, ұзын саны үш мың шақырымдық жолды жалпақ табандарымен басып, 1945 жылдың 30 сәуіріндегі бозала таңда Фашистік Германияның астанасы Берлинге жетті, сүйреп келе жатқан ауыр артиллериядан Рейхстагқа оқ атылды. Оның биік күмбезіне кеңестік Жеңіс туын қадауға бірталай жақындады. Міне, осындай абыройлы міндетті атқарған Басқұншақта жасакталған полк құрамындағы аға сержант Григорий Нестеров пен делбеші Кармалюк иелігіндегі Мишка және Машка аталған қос өркештілер еді. Бұлардан басқа Калмыкияның Яшкул ауылынан алынған осы полктің 6-ротасынан Яшка есімді он жасар атан да Ұлы Жеңісті Берлиннен қарсы алады, – деп жазады Өтепберген Әлімгереев.

Айтпақшы, жақында Атырау облысына қарасты Мақат ауданында соғыс жылдарында жеңісті жақындатуға үлес қосқан түйелерге мүсін қойылды. Түйелер керуені мүсінін жасау туралы бастаманы Мақат ауданы әкімі Азамат Мәмбетов пен тарихшы-өлкетанушы Орақ Денгелбаев көтерген. Ал мүсіннің авторы – елордалық мүсінші Ершат Жолдас.

Қалай десек те, миллиондардың қанымен келген жеңістің артында үлкен тарих жатыр. Қанқұйлы соғыста жеңісті жақындатуға адамдармен бірге, ұй жануарларының да үлес қосқанын біле жүргеніміз абзал.

12 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Қытай данышпаны Лао-цзы «Болашақтан басқасының бәрі туралы айтуға болады» деген екен. Иә, болашақ – жұмбақ. Десе де, жұмбаққа адамзат әуелден құмар. Болашақты болжауға деген ұмтылыстар өте ертеден бастау алғанын, келер заманды алдын ала болжап, жүйелеген абыз, әулие, көсемдер мен даналардың әрекетінен байқауға болады. Уақытты бағамдай алу жақын болашақтың бейнесін тани түсуге жол ашса, өз кезегінде бұл феноменді қарастыру негізінде болашақ туралы ілімдердің қалыптасуына алып келді. Соның бірі – футурология. Бұл қандай ғылым? Футурологтар замана ағысын қалай бағамдайды? Осы төңірегінде ой қозғап көрсек...

А Наурызбек САРША

Жалпы, футурология терминін Жалғаш 1943 жылы Батыс Берлин университетінің профессоры О.Флехтгайм «болашақ философиясының» атауы ретінде ұсынған. Сонымен, футурология деген не десек, оны әлемдік бірлестіктердің даму болашағын болжауға бағытталған, философия, әлеуметтану, мәдениеттану және саясаттану тоғысында қалыптасқан жас білім саласы деуге болады. Ол ХХ-ғасырдың екінші жартысында ғылыми-техникалық жетістіктердің дамуы, соған байланысты күрделі талдау мен ғылыми басқаруды талап еткен, қоғамдық дамудың көптеген мәселесі аясында қалыптасты. Кез келген мемлекеттегі стратегиялық жоба-жоспарлар да болашақты ескере отырып жасалып, тіпті дамыған, өркениетке құлаш сермеген елдер геосаяси мүдделеріне сәйкес алдағы ғасырлық жоспарларын таразылап қойды. Демек, халықтың әл-ауқатын арттыру, экономикасын көтеру секілді іс-шаралар жан-жақты зерделеніп, ықтимал дағдарыстардың алдын алмай, заманның аңысын аңдып, тамырын басып, дұрыс шешім қабылданбай өркениет көшіне ілесу екіталай.

ФУТУРОЛОГТАРДЫҢ ОРЫНДАЛҒАН БОЛЖАМДАРЫ

Футурологтардың көп болжамы өз уақытында нанымсыз және фантастикалық болып көрінгенімен, бүгінде олардың көбі шындыққа айналғанына уақыт куә. Айталық, 70-жылдардың басында футурологтар мен ғалымдар адамзаттың ғарышқа шығып, басқа планеталарда өмір сүру мүмкіндігі туралы болжам жасады. Ғарыштағы адамның болашағын болжаған футурологтар әлемді таңғалдырып, ғарышқа адамды қондыру мүмкіндігін айтқан еді. Бүгінде бұл болжамдардың көпшілігі орындалды. Мәселен, Аполлон бағдарламасы (1969 жылы) алғаш рет адамның Айға қонуын жүзеге асырса, соңғы жылдары SpaceX компаниясы мен NASA-ның жұмыстары адамзаттың Марсқа ұшуы мен ғарышқа тұрақты қоныс аударуы туралы болжамдардың шындыққа айналғанын дәлелдей бастады. Сонымен қатар 1950-1960 жылдары футурологтар мен ғалымдар жасанды интеллекттің (ЖИ) дамуына үлкен үміт артты. Олар машиналардың адам сияқты ойлау және шешім қабылдау қабілеттерін болжады. Бүгінде жасанды интеллект көптеген салада кеңінен қолданылып жатыр. Соның ішінде медицинада диагноз қою, қаржы саласында сауда жасау, көліктерді жүргізу және тағы басқа көптеген автоматтандырылған қызметті адамның қатысынсыз орындауда. IBM компаниясының Watson жобасы, Google-дың DeepMind жобасы, Tesla компаниясының автокөліктерінің өзін-өзі басқару мүмкіндігі сияқты

ЕРТЕҢІН ОЙЛАҒАН ЕЛ БОЛАМЫЗ ДЕСЕК...



жетістіктер футурологтардың 20-30 жыл бұрын жасаған болжамдарының орындалғанын көрсетеді. Бұл технологиялар қазірдің өзінде күнделікті өмірімізге еніп, болашақтың болжауларын шындыққа айналдырды. Тіпті, ХХІ ғасырдың ең қауіпті қаруы – атом немесе термоядролық қарулар емес, әлемдік державалар бір-бірімен жарысып жасап жатқан өзін жетілдіретін жасанды интеллекттер болуы мүмкін деген де болжам айтылды. Бұл туралы французлық футуролог Kaspersky Geek Picnic фестиваліне арналған баспасөз конференциясында айтқан болатын: «Нельсон Менделла 1995 жылы өзінің ғылыми еңбегінде өтіп бара жатқан ғасырдың жаппай қыру қаруы – атом бомбалары болса, келер ғасырды жасанды интеллект адамзаттың дұшпанына айналатыны жайында болжаған. Шындығында, жасанды интеллект атом бомбалары секілді уран мен алып зауыттарды қажет етпейтін тек кремний мен электр тоғының көмегімен адамның қолынан келе бермейтін дүниелерді атқаруға мүмкіндігі бар», – дейді ол.

Білім берусаласыда футурологтардың назарында болды. Олар ақпараттың тез арада таралуы мен білім алу жолдарының жаңа жолдарын болжады. Қазірдің өзінде онлайн білім беру, алыстан оқыту, виртуал сыныптар және MOOC (Massive Open Online Courses) платформалары білім алудың жаңа кезеңін бастады. Бұл үрдіс пандемия кезінде ерекше анық көрінді, өйткені онлайн оқыту мектептерде, университеттерде және жұмыс орындарында кеңінен қолданылды.

ҚАЗАҚТА ФУТУРОЛОГТАР БОЛҒАН БА?

Қазақ тарихындағы футуролог десе ең алдымен жадымызда заманның аңысын аңдай білген белгілі жырау, сәуегей Мөңке би жаңғыра түседі. Жыраудың «Азарсын, жұртым, азарсын» атты толғауында келер заманға деген пессимистік болжамдарын байқауға болады. Мәселен: «Азарынның белгісі: Құрамалы, қорғанды үйін болады, Айнымалы, төкпелі биің болады. Халыққа бір тиын пайдасы жоқ, Ай сайын бас қосқан жиын болады» – дей келе: «Алашұбар тілің болады, Дүдәмалдау дінің болады. Әйелің базаршы болады, Еркегің қазаншы болады» – деп бүгінгі күннің шындыққа айналған бет-бейнесін суреттейді. Тек Мөңке би емес, сол кезеңдегі Асан қайғы-

дан бастап Шортанбай мен Бұқар жырау секілді дала данышпандары болашаққа болжам жасап, хан мен халықты содан сақтандыруға шақырған. Мәселен, Асан қайғы: «Мұнан соң қилы-қилы заман болар, Заман азып, заң тозып, жаман болар. Қарағайдың басына шортан шығып, Балалардың дәурені тамам болар. О күнде қарындастан қайран кетер, Ханнан – күш, қарағайдан шайыр кетер. Ұлың-қызың орысқа бодан болып, Қайран есіл ел-жұртым, сонда не етер?!» – деп толғайды. Асан қайғының Желмаяға мініп, жиһан кезіп, «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздеуі де келер күнге болжам халқының болашағына қам жасауы деп ұғуға болады. Жыраудың көп толғауы Әз Жәнібек ханға арналған. Ол ең әуелі ханның айналасына көз салмай, шабылып жатқан халқының жағдайын ойламай бейғам отыруына наразылық тұрғысында айтылады. Ханға арнауында жырау күншығысқа көз алмай қарайтын көрші патшалықтан сақтанудың қажеттігін арнайы ескертеді («Қилы-қилы заман болмай ма, Суда жүрген ақ шортан, Қарағай басын шалмай ма?»). Асан қайғы осы «ақ шортан» мен «қарағай» бейнесін келесі бір толғауында кеңірек ашып, орыс патшасы отарлауының мән-жайын алдын ала айтып, көрегенділік танытады. Ал

Түйін:

Қазақ мақалында «заманына қарай – адамы, адамына қарай – заманы» деп адам болмысының әлеуметтік жағдайларға икемделіп отыратынын қысқа да нұсқа түсіндірсе, хакім Абай: «Әркімді заман сүйрепек, Заманды қай жан билемек? Заманды жаман күйлемек, Замана оны илемек» деп заманды болжау әрекетін адам анықтаса, әрекеттің нәтижесін заман анықтайтынын айтады. Мамандар болжамдық зерттеулердің екі түрі бар екенін айтады. Біріншісі, шынайы жағдайды талдай отырып, оқиғалардың болашақтағы барысының ықтимал нұсқаларын болжау, алдын ала айту болса, екіншісі, балама нұсқаларды анықтау, оған қол жеткізудің жолдарын көрсету. Одан бөлек, оптимистік (немесе жасампаз) және пессимистік (ақырзаманның келуі, топан су, т.с.с.) болжамдар болатыны белгілі. Бүгінде күрделі әлеуметтік болжаумен арнайы ұлттық және халықаралық ұйымдар айналысады. Олардың арасында АҚШ-тың Калифорния, Чикаго университеттері, Франция мен Германия және басқа елдердегі футурологиялық институттар, «Стратфор» орталығы бар. Демек, болашақтағы максатымызды бүгінгі амалдарымыз айқындайтын болса, футурология ғылымына назар аудару, маман даярлау – уақыт талабы. Кешегі Бұқар жырау, Асан қайғы сияқты, әлемдік атақты футурологтар – Элвин Тоффлер, Сэмюэль Хантингтон, Френсис Фукуяма секілді бізден де жаһандық болжамдар жасайтын футурологтар шығатын шығар деп үміт етеміз. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Тән көмілер, көмілмес еткен ісім, Ойлайтындай мен емес бір күнгісін. Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын, Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» дейтін ерлерді туғызбаса елге сын.

ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының өлер алдындағы айтқан болжамы туралы білмейтін қазақ кемде-кем шығар. Өзінің өліміне 10 жыл қалғанда 1921 жылы Мәшһүр Жүсіп бар туыс-тумасын жинап, бір жерді анықтап көрсетіп: «Менің мазарымды осы жерден қазыңдар. Мені жатқызып емес, отырғызып жерлендер. Әлсін-әлсін хабар алып тұрыңдар, менің денем 40 жыл бойы бұзылмай сақталады» деген екен. Мұның себебін сұраған ауылдастарына: «Жетпіс үшке шыққанша балталасаң да өлмеймін. Жетпіс үшке шыққан соң сұрасаң да тұрмаймын. Мен өлген соң қатты әлсірейсіндер. Ас беріп, жаназа намазымды оқытпақ түгілі бақа-шаян теріп кетесіңдер», – деп 1931 жылғы ашаршылықты күні бұрын болжаған екен. Расында, сопы жан тапсырған соң әлсіреген туыстары әулиенің мәйітін дайын мазаратқа әрең апарып жерлейді. Содан соң әулие Мәшһүр Жүсіп сөзін былай деп жалғайды: «Жұт келеді. Қалың қазақ қырылады. Жұттан аман шыққан ел 70 жыл Құдайсыз қоғамда өмір сүреді. Одан кейін елді 30 жыл ұры-қарылар былықтырады. Осының бәрінен өткен соң ғана қазаққа қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман туады» деп болжаған екен. Әулиелік дарыған Көпейұлы болжамының көбі дәлме-дәл келгеніне қазіргі уақыттың кескін-кейпін дәл болжағанына қарап дала футурологы деуімізге болардай.

Сондай-ақ саясаттанушы Ерлан Саиров өзінің берген бір сұхбатында Шоқан Уәлихановты футуролог санайтынын айтады. «Иә, Шоқан – футуролог. Мысалы, Орта жүз қазақтарын басқару туралы қызметтік жазбасында ол түрліше болжамдар жасай отырып, басқару формасын құбылту арқылы қилы нәтижеге жетуге болатынын көрсетіп береді. Шоқан өткенді зерделей отырып, болашақтағы жағдайды бағамдауға болатын құнды еңбектер қалдырды. Осы еңбектер нәтижесінде бізге «Болашақтың тарихы» деген еңбек жазуға болады. Себебі тұрақты даму үшін болашақты болжап отыру керек. Егер «Болашақтың тарихы» деген сияқты жобалар бар болса, Шоқанның, Әлкейдің, Қаныштың еңбектерін зерттей отырып, қазақ қоғамының болашақтағы бейнесін көз алдымызға әкелуге болады. Осылайша, қазақ футурологиясының негізін қалауға болар еді», – дейді ол.

Сонымен қатар халқымызда құмалақ салу, бал ашу, жауырынмен қарау деген де көріпкелдік қасиетті аңғартатын дүниелер болған. Мәселен, қазақы таным-түсінікте жауырыншы деген бар. Жауырыншылық өнер соғыспен, жауынгерлікпен тікелей байланысты, жауырыншы – жауырын сүйегіне қарап болашақты болжайтын адам. Сол арқылы соғыс, жорық нәтижесін болжаған.

